

# SAIGA NEWS

Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығарылады

Кәдімгі ақбөкеннің  
(*Saiga tatarica tatarica*)  
морфологиялық  
ерекшеліктері



Сурет В.Малевицкий

## Ақбөкен систематикасы

Мэллон Д.П.

МСОП –тың антилопалар жөніндегі жұмыс группасы председателінің орынбасары, [d.mallon@zoo.co.uk](mailto:d.mallon@zoo.co.uk)

Ақбөкеннің (*Saiga tatarica*), оның кәдімгі классификациясында, жалғыз түр екендігіне күдік пайда болды. Өйткені, *Mammal Species of the World* [«Дүние жүзі сүтқоректілері»] (Wilson, Reeder, 2005) еңбегінің үшінші басылымында ақбөкеннің моңғол түршесін *S. borealis*-дің өліп-біткен қазба формасына жатқызылған.

Біріншіден систематика маңызды, өйткені ол

мүмкіндігінше эволюциялық даму тарихын және әртүрлі формалар арасындағы байланысты анықтайды. Сондай-ақ оның практикалық маңызы бар, себебі түрлердің таксономиялық ерекшеліктері Халықаралық табиғат қорғау ұйымының (МСОП) Қызыл тізімінің, СИТЕС қосымшасының және соған сәйкес табиғат қорғау заңдылықтарының – қоныс аудаатын түрлердің Қонвенциясы мен халықаралық басқа да келісімдердің және ұлттық заңдылықтардың негізін құрайды. Сонымен бірге түрлер дүние жүзілік, региондық және жергілікті деңгейдегі табиғат қорғаудың басты бағытын анықтау үшін кең қолданылады. Бұл мәселені анықтау үшін жақында ғана зерттеудің нәтижесін ескере отырып, біз ақбөкен систематикасын қортындылауға әрекет жасадық.

Әр кезде ақбөкен, көптеген басқа түрлер сияқты, бірнеше атпен, оның ішінде *S. Imberbis* бар, белгілі болатын. Бұл ат қазірде қолданылмайды, ал қазірде бұл жануардың жалпы ғылыми аты - *Saiga tatarica* Linnaeus, 1766.

Әуелде, бас сүйегінің мөлшеріне, мүйізінің формасы мен пішініне, жүнінің түсіне сүйене отырып, А.Банников (1946) моңғол ақбөкенін жеке түр - *Saiga mongolica* деп сипаттады. Бірақ одан кейін автор өзінің пікірін өзгертті де, оны тек түр тармағы (түрше) - *S. imberbis mongolica* [= *S. tatarica mongolica*] ретінде қарастырды (Банников, 1954).

Қазіргі екі түр тармағынан - *S. t. tatarica* және *S. t. mongolica* – тұратын бұл классификацияны бүгінге дейін негізінен барлық эксперттер қолданады (Ellerman, Morisson-Scott, 1951, Гептнер және басқалар, 1961, Соколов, 1974, Corbet, 1978, Соколов, Жирнов, 1998). Сондай-ақ үш қазба түріндегі ақбөкеннің үш түршесі де - *S. t. borealis*, *S. t. prisca* және *S. t. binagadensis* мойындайды (мысалы, Соколов және басқалар, 1998).

М.Холодова және басқалар (2006) қазіргі ақбөкеннің осы классификациясын қолдау ретінде генетикалық мәліметтерді келтірді. Олар ақбөкеннің тіршілік ететін барлық бес популяциясынан (үшеуі Қазақстаннан, Ресей мен Моңғолиядан біреуден) 93 тканынан алынған митохондриялды ДНК-ға анализ жүргізді. Нәтижесі «... болмашы ғана, бірақ *S. t. mongolica* мен *S. t. tatarica* арасында айтарлықтай айырмашылық бар екендігін көрсетті; ол қазіргі *S. t. mongolica* түр тармағы екендігін растады, түр емес”.

Соңы 2-ші бетте.

Қаржылай көмектері арқасында шығарылады:

# Мазмұны

## Негізгі мақала

Мэллон Д.П.

Ақбөкеннің систематикасы..... 1

## Жаңалықтар

Цутер Ш. Үстірт қыратында қазақ-өзбек шекарасы

бойында қоршау құрылысы ..... 3

Цутер Ш. Ақбөкеннің бетпақдала популяциясындағы өлім-жітім..... 4

Грачев Ю.А. 2012 ж. Қазақстанда ақбөкенге самолетпен санақ жүргізу қортындысы..... 4

Шивалдова Н.С. Қарақалпақстан оқушылары үшін жаңа оқу курсы ..... 5

Быкова Е.А., Жоллибеков Б., Арылова Н.Ю. Ақбөкен күні-2012. 6

Ли Ф. Ақбөкен WCS-Қытай Оңтүстік – қытай программасы фокусында ..... 9

Шарапова С. Биоәртүрлілік және мұнай-газ секторы ..... 9

Розенфельд С. Орнитологтарда ақбөкендерді жақсы көреді ... 10

Клепалов А. Алтын маймаққаз ақбөкендерді бәледен сақтайды.. 10

Аксартова Ж. Ақбөкендер мүйіздерімен заңсыз сауда жасауға қарсы информациондық кампания ..... 11

**Баспалардан:** 12

Қазақ-өзбек шекарасында қоршау құрылысы.

Қызылордада ақбөкендер мүйіздерін сатып алуды түп-тамырымен жою шаралары.

Қазақстанда суаттарды ұйымдастыру ақбөкендер санын көбейтуге көмектеседі.

Ақбөкендерді қорғау үшін электрқоршаулар.

IFAW Ресейде ақбөкенді сақтауға көмектеседі.

Браконьерліктер мен жасырын сауда жасаудың жолын кесу жағдайлары.

## Мақалалар

Бувейбатар Б. және басқалар

Моңғолияда ақбөкен лактарының өмір сүруі және кеңістік экологиясы ..... 15

Эллиот Г. және басқалар

Прикаспий регионында ақбөкеннің мекендейтін жерлерін пайдалануын бағалау үшін жергілікті тұрғындардың қатысуымен мониторингті (бақылауды) қолдану..... 16

Дамерелл П. және басқалар

Үстірт қыратында табиғат қорғауды насихаттау жұмысын бағалау ..... 17

Телькараева А.

Ырғыз-Торғай-Жыланшық регионында ерекше қорғалатын табиғи территориялар ..... 19

Милнер-Гулланд Э.Дж.

Үстірт қыратында шекаралық қоршаудың ақбөкенге әсері және оны жеңілдету мүмкіндіктері ..... 20

## Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі

А.А.Слудский, Қазақстан ..... 22

Соңы (басы 1-ші бетте)

Г.Барышников және А.Тихонов (Baryshnikov, Tikhonov, 1994) ақбөкеннің жойылып кеткен формаларын зерттеп, *S. Borealis*-тің таксономикалық статусын түрге дейін көтерді; негізге Якутияда табылған қазба үлгілерінің мөлшеріндегі айырмашылықтар алынды. Олар тағы да мынаны мәлімдеді: Моңғолияда бұл таксон *S. borealis mongolica* ретінде өмір сүрді (сөйтіп, моңғол формасын «*borealis*»-ке жатқызды, «*tatarica*»-ға емес). Бұл пікірмен «*Mammal Species of the World*» [«*Дүние жүзі сүтқоректілері*»] еңбегінің үшінші басылымында P.Grubb (2005) келіскен кезде кең мойындауға ие болды.

Одан кейін C.Groves пен P.Grubb (2011) тұяқты аңдарға таксономикалық ревизия (тексеру) кезінде, А.Банниковке сілтеме жасай отырып, моңғол ақбөкенінің *Saiga mongolica* деп аталуына қайта оралды. Бірақ олар (1) А.Банниковтың өзінің алғашқы пікірін өзгерткенін білмеді және (2) олар генетикалық мәліметтер беретын М.Холодова мен басқалардың (2006) мақаласына сілтеме жасаған жоқ немесе бұл жұмысты қарағанда жоқ. C.Groves пен P.Grubb-тің (2011) мәліметтері, бірінші кезекте, жақында жарық көрген «*Дүние жүзі сүтқоректілерінің анықтамасында*» [Handbook of the Mammals of the World] тұяқтылар тізімі үшін негізге алынып қолданылған (Wilson, Mittermeier, 2012).

Статус *S. borealis*, жеке түр есебінде, жақында P.Campos *et al.* (2010) жүргізген генетикалық зерттеу нәтижесінде мүлдем жоққа шығарылды. Қазіргі және қазба түріндегі ақбөкендердің ДНК анализ жүргізілді; ол үшін 27 қазба түріндегі және 38 қазіргі ақбөкендер үлгілерінің (образцы) митохондриялық ДНК-сы пайдаланған; үлгілер ақбөкен мекендейтін барлық аудардардан алынып, оған *S. Borealis*-тің екі образцасы қосылған. Зерттеу нәтижелері екі анық ақбөкендер туысы бар екендігін көрсетті: бірінші туыс - солтүстік-шығыс Якутия мен Оралдағы барлық қазіргі және қазба түріндегі ақбөкендерді біріктірді. Екінші туыс - тек солтүстік Оралда кездескен және қазіргі уақытқа дейін өліп біткен. Авторлар мынадай қортындыға келеді: "...бұл меліметтер жорамалдайды: *S.borealis* жеке түрше немесе түр емес". Сонымен бірге, бұл зерттеудің авторлары Г.Барышников пен А.Тихоновті бұл ғылыми жұмысқа авторлардың бірі есебінде қосып алады, сондықтан енді олар бұл қайта қаралған көзқарасты қостаушылар арасында болып табылады.

М.Холодова мен басқалар (2006) жүргізілген генетикалық талдау моңғол ақбөкені *S. tatarica*-ның түрше екендігін дәлелдеді; P.Campos *et al.* (2010) қазіргі зерттеулері барлық қазіргі және көптеген қазба ақбөкендер *S. tatarica*-ға жататындығын көрсетті. Сондықтан мынадай анық өортынды жасауға болады: қазірде моңғол ақбөкенінің дұрыс ғылыми аты - *Saiga tatarica mongolica* Bannikov, 1946.



Барлық зерттеулер моңғол ақбөкені генетикалық жағынан *S. t. tatarica*-дан аңай айырылатынын көрсетеді; әсіресе, оның айырмашылық бас сүйегі мөлшерінде, мүйіздерінің формасы мен мөлшерінде, терісінің түсі мен экологиясында байқалады.

Екі генетикалық зерттеулерде *S. t. mongolica* түрше (подвид) ретінде саналу керектігін дәлелдейді. Бірақ, генетикалық зерттеу тек митохондральды ДНК талдауға негізделген және саны жағынан аз үлгілер (образцы) пайдаланған. *Tatarica* мен *mongolica* арасындағы филогенетикалық байланыстар туралы толық мәлімет алу үшін одан әрі талдауды жалғастыру маңызды болар еді және көп мөлшерде образцыларды пайдалану арқылы ядрлік ДНК-ға зерттеу жүргізу. Егерде осындай зерттеу шынында да түр деңгейінде айырмашылықтарды анықтайтын болса, онда зоологиялық номенклатура ережесіне сәйкес дұрыс аты *S. mongolica* болады, *S. borealis* емес.

Моңғол ақбөкенінің морфологиялық ерекшеліктері  
(*Saiga tatarica mongolica*)

## Жаңалықтар

### 2012 ж. Қазақстанда ақбөкенге самолетпен санақ жүргізудің нәтижелері

Грачев Ю.А., Зоология институты КН МОН РК, [teriologi@mail.ru](mailto:teriologi@mail.ru)

Қазақстанда ақбөкенге самолетпен санақ жүргізу 2012 ж. 8-ші сәуірден 26 сәуірге дейін жүзеге асты. Санақ жұмысына ҚР БҒМ-нің Зоология институтының, ҚР АШМ-нің орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің, «ПО Охотзоопром»-ның, облыстық орман және аңшылық шаруашылығының территориялық инспекцияның, Қазақстанның биоәртүрлілікті сақтау ассоциациясының, жауапгершілігі шектеулі кәсіпорын «ҒЗ Институты жануарлар дүниесінің» және ЖШК «Фауна» қызметкерлері


қатысты. Санақ мәліметі бойынша Қазақстанда ақбөкеннің жалпы саны 137.5 мың бас болды (2011 ж. – 102 мың), оның 110 мыңы бетпақдала популяциясына, 6.5 мыңы үстірт популяциясына, ал 21 мыңы Оралы популяциясына тиісті болды. 2011 жылмен салыстырғанда, ақбөкен санының үлкен өсуі бетпақдала популяциясында байқалды (40.7%), ал орал популяциясында бұл көрсеткіш 11.1% болса, үстірт популяциясында бар болғаны 6.5% екендігі анықталды..

### Үстірт қыратында қазақ-өзбек шекарасын бойлай салынатын қоршау құрылысы туралы

Цутер Ш., АСБК, [steffen.zuther@acb.kz](mailto:steffen.zuther@acb.kz)

2012 жылдың көктемінде Қазақстанның биоәртүрлілікті сақтау Ассоциациясы (АСБК) Қазақстан мен Өзбекстан шекарасын бойлай қоршау құрылысын салатыны туралы мәліметті алды; ол қоныс аударатын ақбөкендер жолында кедергі болып табылады және браконьерлер үшін қолайлы жағдай тудырады. АСБК шекарада салынатын қоршау құрылысы туралы арнаулы мәліметтер беруді өтініп АШМ-ның орман және аңшылық шаруашылығы комитетіне сұрау салды. Осындай сұрауды орман және аңшылық шаруашылығы комитеті қоныс аударатын түрлер конвенциясына (CMS) жіберді.

Солтүстіктегі жазғы жайылымы мен төлдейтін мекендерінен жылсайын ақбөкендердің көптеген тобы оңтүстіктегі қысқы жайылымына қоныс аударады. Шекараны бойлай салынған қоршау ақбөкендердің қоныс аударуына кедергі болады. Зардабы жағдайы өте мүшкіл




Сурет 1. Зоология институты ұсынған қоныс аудару коридоры

Үстірт популяциясы үшін болжау қиын және потенциалды өте көңіл қоюды талап етеді.

Шекаралық органдармен болған мәжілістен орман және аңшылық шаруашылығы Комитеті былай деп хабарлады; қоршау құрылысы жаңа кедендік одақтың сыртқы шекарасын бекіту программасы негізінде салынууда. ҚР БҒМ-нің Зоология институты жануарлардың еркін қоныс аударуына мүмкіндік беретін ашық коридор қалдыру туралы ұсыныс (рекомендация) берген және бұл олардың оңтүстіктегі қысқы қоныстарына жетуіне мүмкіндік береді (сур. 1). Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (ОАШК) бұл мәселенің ақбөкеннің үстірт популяциясы үшін маңызды екенін түсінеді және басқа елдердегі бұл салада яғни жабайы жануарлардың қоныс аудару жолдарын ескере отырып, осындай қоршау құрылысын салудағы тәжірибелері туралы мәліметтер алуға мүдделі.

2011/2012 жж. қысында қоршау құрылысы біткенге дейін Фауна және Флора Интернешил (ФФИ) ұйымы және АСБК ұйымы орындап жатқан «Үстірт қыратының табиғи ландшафттарын сақтау



Сурет 2. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы шекаралық құрылыс және екі білезік салынған ақбөкендердің маусымдық қоныс ауыстырушылық схемасы

инициативасы» проектісі төңірегінде спутниктік ошейниктер кигізілген ақбөкендер шекараны табысты кесіп өтті (сур. 2). ФФИ және АСБК телеметрия программасы барысында келтірілген мәселе бойынша мониторингті жалғастырады.


## Ақбөкеннің бетпақдала популяциясындағы өлім-жітім

Цутер Ш., АСБК, [steffen.zuther@acbk.kz](mailto:steffen.zuther@acbk.kz)

2012 ж. мамыр айының 19-нан 25-іне дейін Қазақстанның Қостанай облысының оңтүстігінде Жангелді ауданында бетпақдала популяциясының төлдейтін негізгі мекенінде ақбөкеннің жаппай қырылуы болды. Республикада бұл соңғы үш жылда ақбөкеннің үшінші рет өлім-жітімге ұшырауы. 2010 және 2011 жылдары Қазақстанның батыс бөлігінде орал популяциясының жаппай қырылғаны

байқалған еді (қара SN- 11, 13, 14). 2012 ж. барлығы 926 аң өлген болса, оның 759 аналық, 19 текесі және 148 лақтары еді. Жануарлардың көбі төлдеп болған соң қырылған. Өлім-жітімге ұшыраған кезде аурулардың ешбір белгісі байқалған жоқ.

Ақбөкендердің ауруларын зерттеу жөніндегі үшжылдық мемлекеттік ғылыми программаның шеңберінде биологиялық қауіпсіздік проблемасы



Сурет 1. 2012 ж. ақбөкендердің жаппай өлім-жітімге ұшыраған ауданының схемасы

ғылыми-зерттеу институты АСБК-ның техникалық жәрдемімен аңдардың төлдеген территориясында жұмыс жүргізді. Деседе мониторинг өткізген уақытта анық аурулардың белгісі анықталған жоқ. Жиналған мәліметтер ақбөкендердің жаппай қырылуының себептерін анықтауға көмектеседі.

Қырылудың себептерін зерттеуге бірнеше ұйымдар тартылды. Жануарлар өлген жерде Торғай ауданының, Қостанай, Астана және Алматы мал дәрігерлері жұмыс істеді. Сондай-ақ, мұнда «ПО Охотзоопром» қызметкерлері мен инспекторлары, орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің өкілдері және АСБК аңшылық шаруашылығы инспекторлары қатысты. ОАШ-ғы комитетінің арнаулы мәліметіне сәйкес, ақбөкендердің қырылу себебі – пастереллез ауруына байланысты болды. Өлген аңдардың тушалары сол жерде көмліп тасталды. Зерттеу жалғасуда.

# Қарақалпақстан оқушылары үшін жаңа оқу курсы

Шивалдова Н.С., Econews.uz, [nshivaldova@mail.ru](mailto:nshivaldova@mail.ru)

Өзбекстанның Үстірт қыратында орналасқан поселкалар маңына онша алыс емес жерлерде ақбөкеннің қоныс аудару жолы өтетін, ал қыс қатты болған жылдары поселкаларға еніп кететін. Бұл күндері адам маңында дала антилопасын кездестіре алмайсың – олар қыраттың алыс бара алмайтын жерлерінде жайылады, бірақ сол жерлерде де өздерінің негізгі жауы – браконьерлердің қолы жететін зонада қалады. Көбіне браконьерлер – бұл онша көп емес, даланың әр жерінде орналасқан поселкалардың тұрғындары.

Мектеп оқушылары және мұғалімдер, Үстірт тұрғындары қалай ақбөкенге көмектесе алады? Түсінікті, балалар браконьерлерді іздеу рейдіне бара алмайды ғой, бірақ бір кезде браконьерлерде бала болды ғой, мектептерде оқыды. Қылмыстық аулау жолына түскен бұл адамдардың жанұялары мен балалары бар. Өсіп келе жатқан ұрпақтармен жұмыс істеу – келешекке сенімді қадам. Балалар мағлұматтарға өте сезімтал, және табиғатқа тұтыну және елемей стеретиптерімен жұмыс істеу өте маңызды. Ақбөкен туралы көп мағлұматтар берген өте маңызды, туған жерінде осы бірігей жануарлардың жайылым жүруі оларда мақтанш сезімін тудырады. Мұғалімдер шындық және сәтті келешек дүниесіне балаларға жол көрсетуші болып табылады; сондықтан да қазіргі педагогикалық технология оқу процессын және тәрбиені жолға қоюға көмектесуі өте маңызды, әрі оны қызғылықты етіп жүргізу қажет.

Бұл оқу комплектісі ақбөкенді сақтау Альянсының тапсырмасымен Мемлекеттік табиғат қорғау комитетінің қызметкерлері Дисней – Канада Пингвин фондысы клубының қолдауымен дайындаған және барлық керекті келісу және бейімделу процедуралардан өткен. Экологиялық портал econews.uz, хабарлауынша, бұл оқу комплектісі мұғалімдерден жоғары баға алған, ал семинар-тренинг өте табысты өткен. Мұғалімдер үлкен ынтамен және энтузиазммен оқу курсы бастауға кіріскен, сондай-ақ мейрамдық шараларды дайындауды қолға алған.



Сурет. А.Есаиоғиткі

Оқу плакатын талдауда

Бұл экологиялық инициативаны сонымен бірге жергілікті басшылар мен үкіметтік құрылымдар өкілдері қолдаған және жақсы пікірлер айтқан. Бұл жерде мынаны атап өткен жөн: табиғат ресурстарына, оның ішінде ақбөкенге, қамқорлықпен қарауға тәрбиелейтін және насихатқа бағытталған бұл шаралар циклі Өзбекстанда ақбөкенді сақтау жөніндегі үлкен шаралардың бір бөлігі болып табылады. Жалпы алғанда, бұл шаралардың барлығы браконьерлікті болдырмауға және ақбөкенді сақтауға бағытталған. Бірақ, барлық атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан, дағдыға немесе қалыптасқан әдетке байланысты ма, адамдар бәрі көктемгі күн жылына бастасымен-ақ далаға қарай ұмтылады, жеңіл табыс табу ойымен – оның бағасы – ақбөкен өмірі. Бұған қайғылы дәлел-жергілікті базарларда ақбөкен етінің пайда болуы. Бір поселкадан келесі поселкаға Үстірт жотасы арқылы өткенде басқа категориядағы ойға батасың.



Сурет. Н.Шивалдованікі

Қырық-Қыз поселкасында семинарға қатысушылар

Сурет. А.Есаиоғиткі



Жаслық поселкасында Наталья Шивалдова мұғалімдермен бірге

4-8 сәуір айының аралығында «Ақбөкен күні» дайындау барысында Жаслық, Қарақалпақия және Қырық-Қыз поселкаларында жергілікті қауымдастық өкілдерімен кездесу өткізіп, орта мектеп мұғалімдерімен семинарлар өткізілді. Құрамында Өзбекстан ғылым Академиясының эколог-эксперттері, ақбөкенді сақтау Альянсының өкілдері және жастармен жұмыс істейтін тәжірибелі методист-эксперт бар команда жай бос қолмен келген жоқ. Мұғалімдерге «Ақбөкен – табиғаттың ғажайып туындысы» атты оқу комплектісі ұсынылды; оған мыналар кіреді: оқушылар үшін оқу құралдары, мұғалімдер үшін үйрететін әртүрлі ойындардың методикалық нұсқаулары және ақбөкеннің биологиясы және дала экосистемасы жөніндегі плакаттар.

Ойлар ішінен бір сандырақ идея ойға келді: «*Әрбір оқ ату және ақбөкеннің өлімі барлық браконьерлер – ақбөкеншілердің өліп-бітетін уақытты жақындатқан сияқты, өйткені оларға аңшылық жасайтын ешнәрсе жоқ. Қайта тәрбилип, ешкіммен күрес жүргізудің керегі жоқ, егерде даламызда ақбөкен болмаса*». Тек таяу арада даламыз тіршілік жоқ кеңістікке айналады, және жансыз ай ландшафтысына ұқсайды, өйткені барлық экосистема бұзылады «ілдалда үй» сияқты. Бұл көпмағналы және көп қырлы дала дүниесінде ақбөкен-платформа, оған көптеген нәрсе байланысты, соған байланысты құрылған. Ақбөкенге кішкентай мүмкіндік

беру керек өмір сүруге, және ол, өзінің биологиялық ерекшеліктеріне байланысты тіршілік ету қабілетін тез-ақ қалпына келтіре алады. Бірақ бұл мүмкіндік тек экологтар-энтузиасттер гуруппалардың тілегіне ғана байланысты емес ...

**Редакциядан:** Егерде Сіз оқу комплектісін тегін қарақалпақ (электрондық және қағазға түсірген варианттар) және орыс (электрондық вариант) тілдерінде алғыңыз келсе, Елена Быковаға хабарласуыңызды сұраймыз, [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz).

## Ақбөкен күні - 2012

*Уникальды антилопа – ақбөкенге арналған экологиялық мейрамды өткізу Өзбекстан, Қазақстан және Ресей мектептерінде мейрімді әдетке айналған. Бұл шараны тек балалар ғана емес, ересек жұртшылықта шыдамы таусыла күтеді. Қоршаған орта объектілеріне сондай сенімділікпен қарайтын мүмкіндіктерді бекітуде ақбөкен күнін өткізу-үгіт-насихат и тәрбие жүргізудің тиімді әдісі болып табылады.*

## Өзбекстанда ақбөкен күні

Быкова Е.А., ақбөкенді сақтау Альянсы, [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)

Өзбекстанда бұл инициативаның көш басшылары Жаслық және Қарақалпақ поселкалары болды, ал биылғы жылы оларға тағы да Қырық-Қыз поселкасы қосылды. Мектептер күшімен, жергілікті әкімшіліктің қатысуымен, ақбөкенді сақтау Альянсы мен Өзбекстанның Мемлекеттік табиғат қорғау комитетінің қолдауымен жүздеген мектеп оқушылары, ересектер мен жас буындар бұл шарада белсенді жұмыс атқарды.



Сурет А. Есаповиқ

### Жас қатысушылар концерттік программада

Төрт мектепте өткен мейрамдар әдемі концерттік программамен, интеллектуальды викторинамен, спорт жарыстарымен, творчестволық конкурстармен ашылды. Мейрам алдында экологиялық марафон өтті, оның шеңберінде әрбір мектепте ақбөкенге арналған ашық сабақтар өткізілді. Әрбір мектептен өте қызықты және тартымды сабақтар дайындаған бес үздік мұғалімдер ақбөкенді сақтау Альянсының құрметті сыйлықтарымен марапатталды.



Сурет А. Есаповиқ

### Оқушылар жасаған ойыншық ақбөкендер

Әсіресе, өте қызықты шараның бірі – граффиттер конкурсы болды; оған Жаслық поселкасының 8-9 класс оқушылары үлкен табыспен қатысты. Конкурс көркем проекттерді дайындау мен қорғаудан басталды, одан кейін қызықты суреттер тозығы жеткен, тот басқан газ трубаларының бетіне көшірілді, көп уақыт мектептің



Фото А. Есаповиқ

### Граффиттер конкурсы

дуалы болған. Соның нәтижесінде труба тек мектеп дуалы ғана емес, сонымен бірге поселканы да сондай сәнге келтірген сондай оригиналды дизайнерлік шығармаға айналды. Жаслықтың бір тұрғыны граффитпен жасалған тәжірибенің қортындысы туралы былай деді: «Біздің көзімізше жас өспірімдер өздерінің қолдарымен көріксізді тамашаға айналдырды. Бұл

олардың ересектердің көмегінсіз-ақ өзбеттерімен дүниені өзгертудегі бірінші өмірлік тәжірибесі». Мейрамның жетістіктерінің бірі – мектеп оқушылары тек дала антилопасы туралы өздерінің білімдерін толықтырып қана қойған жоқ, сонымен бірге өздерінің күшіне сенімді екенін байқатты; туған өлкенің табиғатын сақтау үшін өздері де пайдалы істер атқаратындығын көрсетті.

## Қазақстанда ақбөкен күні

Жоллибеков Б., Фауна және Флора Интернешил, [Berdiyar.Jollibekov@fauna-flora.org](mailto:Berdiyar.Jollibekov@fauna-flora.org)

Биылғы жылдың мамыр айында ақбөкеннің үстірт популяциясына арналған мейрамды экологиялық жастар клубы «Ақбөкен» бірінші рет Шалқар қаласындағы (Республика Қазақстан) № 5 жалпы білім беретін орта мектепте өткізді. Шалқардағы ақбөкен күнінің ерекше болуы-оған Қазақстанның биоәртүрлілікті сақтау Ассоциациясының (АСБК) шақыруымен Қарақалпақия поселкасының (Өзбекстан Республикасы) «Табиғатты аялайық» экологиялық жастар клубының мүшелерінің қатысуы болды. Ол бұл мейрамға расында халықаралық деңгей берді.



Фото А. Исмаилов

### Қазақстанның экоклуб мүшелерінің сөз сөйлеуі

экологиялық клубының басшысы Күмісай Жолдасова былай деп атап көрсетті: экологиялық клубтар қауымдастықтарды тартуда үлкен роль атқарады, әсіресе, табиғатты қорғауға бағытталған шараларға жастардың белсенді қатысуына әсер етеді.

«Бұл жас ұрпақтардың экологиялық білім алу процессі, олардың табиғатқа деген саналы және сенімді қатынасы болып табылады; оған деген қауіптену және жауапты сезімдерін тудыру деген сөз», – деді Күмісай. Мейрамда ол Қарақалпақия поселкасында экологиялық жастар клубы өткізген шаралардың әсеке презентациясын көрсетті.

«Мен өте таңқалдым, балалар туған өлкенің табиғаты туралы жақсы хабарлас болғанына», – деп таңқалды Қарақалпақия поселкасындағы № 26 мектептің директорының орынбасары Салтанат Калиева. – *Өте, жас кезінен бастап-ақ балаларда қоршаған ортаға қамқарлықпен қарау негізін қалыптастыру қажет. Қалыптасқан тәжірибе мен белсенді қатысу арқасында біздің балаларымыз келешекті өте «жасыл» жасайды.*



Фото А. Исмаилов

### Өзбекстанның экоклубының мүшелері сөз сөйлеуде

Әдеттегідей балалар уникалды жануар, дала символы – ақбөкенге арналған әндер айтты. Программаның қызықты жақтары балаларды мейрамның ойын атмосферасына қарай бет бұруға шақырды. Онда олар терең білімдерін, танқырлықтарын көрсетті; «Ақбөкен туралы сен не білесің?» дискуссияға қатысуға ынталы болды. Мейрамда балалар сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар тұрлерімен танысты, мультфильм «Ақбөкен туралы аңыз» батырлары арқылы ақбөкендердің көне тарихы мен жойылып кету қаупі бар себептерімен танысты. Нағыз шындық түріндегі - балалар шалқар мектептері ққушылары дайындаған халық шеберлерінің көрмесімен танысты. Шалқар көліне экскурсия мен қарағайлы ормандағы қыдырыстар Өзбекстаннан келген балаларда ұмытылмайтындай әсер қалдырды.

Өзбекстанның «Табиғатты аялайық»



Фото А. Исмаилов

### Балалар Шалқар көліне экскурсия кезінде

Екі елдің экологиялық клубтары мүшелерінде ұмытылмайтын әсер қалды, қатысушылар көп достар тапты; көзқарастары бірдей олар Үстірттің уникалды символы – ақбөкенді сақтау үшін барлық мүмкіндіктерді істейтіндігін көрсетті.

Шалқарда Ақбөкен күнін өткізуді Фауна және Флора Интернешил (ФФИ) проектісі - “Үстірт экосистемасын сақтау инициативасы” қолдады. Өған АСБК мен

АШМ-нің орман және аңшылық шаруашылығы комитеті қатысты. Қаржы жағынан Дүниежүзілік табиғат қорғау Фондысы Уолта Дисней және программа USAID/SCAPES (негізгі экосистеманы тұрақты қорғау) қолдау көрсетті. Айтылғаннан басқа, проект өзінің алдына жергілікті тұрғындарда экологиялық сана-сезім қалыптастыру міндетін қояды, оған Қазақстан мен Өзбекстанның шекаралық аудандарында жастарды кеңінен тарту көзделеді.

## Қалмақияда ақбөкен күні

Арылова Н.Ю., Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы, [arylova@gmail.com](mailto:arylova@gmail.com)

Қалмақия Республикасында Халықаралық ақбөкен күнін мейрамдау барысында Жабайы жануарлар Орталығының қызметкерлері оқушылар үшін мынадай шаралар өткізді: лекциялар оқу, викториналар өткізу, спорт жарыстары. Мейрамның мақсаты-дала регионнда ақбөкенді сақтау проблемасына өскелең ұрпақтардың көңілін аударып, қатыстыру. Әсіресе, қызықты шаралардың бірі – А. М. Амур-Санана атындағы ұлттық кітапханада өткен № 10 Орта мектептің 5-ші класс оқушыларына арналған «Өзіңнің туған өлкенді біл және сүй» атты экологиялық сабақ болды. «Төртаяқты көшпендінің» дағдыры және қалмақ даласының басқа да актуальды экологиялық проблемалары лекцияларда, видеоматериалдарда, сондай-ақ «Ақбөкен – дала антилопасы» интеллектуальды викторинасында сөз болды.



Сурет Н.Арылованыкі

№ 10 орта мектеп оқушылары

Балалар «Ақбөкен туралы аңыз» мультфильмін қызыға көрді және «Яшкөл» питомнигіндегі ақбөкендер туралы видеороликтерді тамашалады. Өткізілген шаралар мынаны көрсетті: оқушылардың ақбөкеннің жайы және биологиясы туралы жақсы хабарлары бар; питомниктегі ақбөкендердің тіршілігі туралы көп білгілері келді. Ескерткіш ретінде қатысушыларға ақбөкен бейнеленген открыткалар берілді.

Ақбөкен күніне Яшкөл және Черноземель аудандарындағы бес мектеп оқушылары үшін Артезиан орта мектебінің мұғалімі Виктория Ностаеваның оқыған лекциясы да арналды. Сондай-ақ оқушылар ақбөкен туралы видеофильммен танысуға болады және проект шеңберінде Виктория дайындаған әрі ақбөкенді сақтау Альянсы қолдаған әсем информациондық стендадағы қызықты материалдарды да көруге болады.



Сурет Т.Горасемікі

Виктория Ностаеваның лекциясы

### САЙГАЧАТА

Мы, сайгачата, как ребята-  
Очень любим ласку мы,  
Возле мамочки резвимся  
От зари и до зари.

Пьем водицу, щиплем травку.  
Мы доверчивы, не злы.  
Но пугает нас, что люди  
Иногда к нам не добры.

Надо всем браконьерам сказать:  
«В сайгаков нельзя стрелять!»  
Их нужно спасать, охранять».

Ведь браконьеры стреляют и  
Сайгаки в степи исчезают.

Рената Байдельдинова,  
ученица 4-го класса Гаушунской средней школы,  
член клуба друзей сайгака



Сурет ТамьянаҚарышованыкі

Рената ақбөкен лағын коректендіруде



# Биоэртүрлілік және мұнай-газ секторы

Шаранова С., ПРООН-ГЭФ, [sevara.sharapova@undp.org](mailto:sevara.sharapova@undp.org)

Халықаралық биологиялық эртүрлілік күнін өткізу барысында «Мұнай мен Газді өндеудің химиялық технологиясы» мамандығы бойынша оқитын Ташкенттың Химико-Технологикалық институты студенттері арасында «Биоэртүрлілік және мұнай-газ секторы» тақырыбында викторина ұйымдастырылды. Институтта бұл мамандық бойынша 500-дей студент оқиды. Викторина ПРООН-ГЭФ проектісі:



Сурет ПРООН-ГЭФ

«Биоэртүрлілік және мұнай-газ секторы» викторинасына қатысушылар және жеңімпаздар

«Өзбекстанның мұнай-газ секторында биоэртүрлілікті сақтау принциптерін Интегрирование» проектісінің қолдауымен және Өзбекстан Республикасы табиғат қорғау мемлекеттік комитетінің таяу уақытта мұнайгаз секторында жұмыс істейтін студент-жастарға информациялық мәліметтерді көп беруі үшін осы викторинаны ұйымдастырды; мұнда биоэртүрлілікті сақтаудың маңызды екенін көрсету және олардың келешек жұмыстарында табиғат қорғау мәселесінің маңызды екенін атап айту.

Шараны салтанатты түрде институттың проректоры Махпуза Караходжаева ашты. Викторинаға мынадай сұрақ енгізілді: 1) Өзбекстанның өсімдіктер мен жануарлар дүниесі; 2) биоэртүрлілік ұғымы; 3) Өзбекстанның ландшафттары; 4) мұнай мен газды өндеу. Конкурстың нәтижесі бойынша жақсы білімін және командалық духты байқатқан «Oilgreen» командасы жеңіп алды.

Викторина профессорлар мен мұғалімдер құрамында және студенттер арасында сондай қызығушылық тудырды. Мен ойлаған жоқпын, тіпті, бірінші қарағанда,

кішкентай кедергінің өзі-ақ жануарларға үлкен тосқауыл болып, олардың популяция күйіне жағымсыз әсер етеді екен деп сөз сөйледі студент Диер Кабиров. Мысалы, қоныс аударатын түр – ақбөкендер үшін салынып жатқан газ трубалары жануарлар бір жайылымнан екінші дайылымға қоныс аудару кезінде өте алмайтын кедергіге айналады. Екінші студент Шохрух Холматов былай деді: викторина ол үшін жауапкершілікті ойландыртын фактор болды, өйткені біздің әрқайсымыз биоэртүрлілікті сақтауға жауапты екенбіз.

Студенттердің көрсеткен қызығушылығы биоэртүрлілік саласында білім алу және табиғат қорғау тәжірибесін игеру жоғары екенін байқатты. Сондықтан студент жастарды биоэртүрлілікті сақтау мәселесінде хабарлар етуді күшейту мақсатымен келешекке жаңа шаралар жоспарланған. Мысалы, биоэртүрлілік күніне байланысты викторинаны үнемі өткізу туралы өтініш болды және оны институттар арасында өткізу орынды деп табылды.

## Ақбөкен WCS – Қытайдың Оңтүстік-Қытай программасының фокусында

Фенглиан Ли, WCS - Қытай, [fli@wcs.org](mailto:fli@wcs.org)

Тірі табиғат объектілерімен жасырын сауда жасау деңгейін қысқарту мақсатымен, 2008 ж. тамыз айында Халықаралық табиғат қорғау қоғамы (WCS) Гуанчжоуда WCS – Қытайдан Оңтүстік Қытай проектісін ұйымдастырды. Проектінің мақсаты; СИТЕС-дің I-ші және II қосымшасына енген жануарлар мен өсімдіктердің барлық түрлерімен, сонымен бірге Гуандунда жергілік заңдылыққа сәйкес пайдалануға тиым салынған қорғалатын класс I-ге жататын басқа түрлермен заңсыз сауда жасауды тоқтату. Бұл мақсатқа жету төңірегінде басты мақсаттардың бірі – табиғат қорғау саласында қылмыстық істерді қысқарту үшін әкімшілікті күшті агенттердің потенциалын күшейту қажет.

Ақбөкен (*Saiga tatarica*) – Оңтүстік-Қытай проектісінің басты түрі. 2009 жылдан бастап, ісінің Гуанчжоуда ақбөкенмен жасырын сауда жасауды қысқарту процесіне жәрдемдесу жұмысына қатысу үшін проект үш жыл ақбөкенді сақтау Альянсының Кіші

гранттар программасынан қолдау алды; базарларда бақылау жүргізу арқылы..



Сурет WCS Қытай

WCS - Қытайдың Оңтүстік-Қытай проектісінің волонтерлер (еріктілер) командасы

## Орнитологтар да ақбөкендерді сүйеді

Розенфельд С., PFA А.Н.Северцов атындағы экология және эволюция институты, [rozenfeldbro@mail.ru](mailto:rozenfeldbro@mail.ru)

24-29 наурызда 2012 ж. Элиста қаласында (Қалмакия) МСОП/КВВ-тың қаздар жөніндегі Халықаралық жұмыс топтарының 13-ші кездесуі және Солтүстік Еуразия Ресейдің қазтәрізділер жұмыс топтарының 4-ші кездесуі шеңберінде біріккен конференция өтті. «Солтүстік Еуразияның су құстары: география, динамика, популяцияларды басқару» атты конференцияға 18 елдің 140-тай өкілдері қатысты <http://onlinereg.ru/Elista2011>, <http://onlinereg.ru/site.php?go=153&page=2819&lang=RUS>

Конференция барысында қатысушыларды Қалмакиядағы уникальды объект – ҚР жабайы жануарлар Орталығына баруға шақырды. Ол дүние жүзіндегі осындай үш орталықтың бірі; онда қоршалған



Сурет Ю. Араловтікі

Джеральд Мэйлл, Ремо Пробст және Соня Розенфельд  
Қалмакия Республикасындағы жабайы жануарлар  
Орталығында

орта жағдайында ақбөкендерді көруге болады. Конференциядан кейін 14 адамнан тұратын группаға экскурсияға қатысуға мүмкіндік туды; соның арқасында Қалмақ жерінің шексіз даласымен, көне астрахань өлкесімен және алып Еділ өзені атырауымен таныстық. «Степной» қорықшасында ақбөкеннің өзін және іздерін көрдік, сондай-ақ қорықшада әртүрлі керек-жарақпен жақсы жабдықталған инспекторлар командасының браконьерлерді қалай ұстайтындарында бақыладық.

Үкіметтік емес ұйым (НПО) Birdlife Carinthia (Австрияның региондық бөлімшесі BirdLife) негізінен Оңтүстік Австрия құстарын сақтаумен айналысады. Бірақ олар бүкіл дүние жүзінде тек құстар жөнінде ғана емес, сонамен бірге сүтқоректілер жөнінде де табиғат қорғау проекттерін жүргізуге мүдделі. 17 мамырда Австрияның регионалды BirdLife бөлімшесінің директоры Ремо Пробет және вице-президент Джеральд Мэйлла ақбөкен питомнигін көрді. Одан кейін Ремо Пробет былай деді: «Біз питомникке және «Степной» қорықшасына баруға шақыру алғанымызға өте қуаныштымыз, табиғат қорғау жөніндегі алдыңғы қатарлы тәжірибені зерттеуге. Жергілікті түрлерді, мысалы, ақбөкен және құстар сияқты, сонымен бірге өте тамаша дала ландшафтысын көру қызықты болды. Біз орнитологтармыз, бірақ ландшафттар мен мекендейтін жануарлар қоныстарна да көңіл аударамыз. Ақбөкенді сақтап қалу бағытында жұмыс істейтін адамдарды да көрдік; олар ақбөкеннің өте азайып бара жатқанына қайғырады. Біз түсіндік, ақбөкенді құтқару тек бұл түрді сақтап қалу емес, сондай-ақ дала құстары мен басқа да жануарлар үшін үй болып саналатын дала қоныстарын сақтап қалу. Сондықтанда, біз шұғыл қазіргі проектті ұзарту және кеңейтуді ұсынамыз; олардың дала экосистемасы үшін өте маңызды екенін ескерің!».

## Алтын маймаққаз ақбөкендерді қырсықтан құтқарады

Клепалов А., студия Gala-Film, [alexman78@list.ru](mailto:alexman78@list.ru)

Қалыптасқан дәстүр бойынша сібір жазының басында Ханты-Мансийск (Ресей) экологиялық тележурналистиканың барлық мамандарын жинайды. Халықаралық экологиялық телевизиондық фестиваль «Құтқару және сақтау» 16-ші рет өтті. Оған 30 елдің өкілдері келді: алыс және жақын елдерден, сондай-ақ Ресейдің 60 қаласынан қонақтар болды. Олардың арасында белгілі теле – және кинорежиссерлері, журналистер, экологтар бар. Олар жюрилердің талдауына 300 жұмыс ұсынды, олардың ішінен жақсы 70 жұмыс таңдалып алынды. Бұлар экологияның ізденістер, социальды роликтер; қоршаған ортаны қорғауға арыналған проекттер. Міне солар ғана бас приз – «Алтын маймаққазға» үміткерлер болып саналды.

Табиғатты сақтау проблемасын түсіну үшін фестиваль жаңа импульс береді. Қатысушылар әртүрлі проблемалар туралы әңгімелесті, оның ішінде, қоршаған ортаға ұқыпты және жауапты қарауға шақырды. Фестиваль атмосферасы сондай мазмұнды, уникальды болды, мұнда дискуссия үшін орын көп болды, белгілі адамдармен жолығу, фильмдер мен программаларды көру.



Сурет SCA-тікі

Таңдау комиссиясының мүшесі, Ресейдегі IFAW директоры Мария Воронцова мәртебелі статуетканы фильмнің операторы Александр Клепаловқа тапсыруда

мартер-класстар. Әдемі табиғи фестиваль декорациясы Югор жері болды. Бұл суық өлкенің табиғи сұлулығы келешектегі творчествалық ізденістерге дем береді деп мойындайды қатысушылар.

Биылғы жылы «Журналистік тексеру» номенациясы бойынша фестиваль жүлдесі – «алтын-маймаққаз»-ды ақбөкенді сактву Альянсының заказымен ташкенттің Gala-Film студиясы шығарған ақбөкендер туралы «Соңғы келбеті» («У последней черты») фильмі алды. Оған Disney Canada, Marsh Christian Trust және DVV International қаржылай қолдаған (қара SN-14). Бұл қарти на жюриге қатысушылардың ерекше көңілін аударды. Өзбекстанда ақбөкенмен болған және болып жатқан трагедия немесе катастрофа өзінің соңғы деңгейіне «соңғы келбетіне» жетті. Егерде адамзат баласы араласпаса, біздің республикамызда таяу уақытта ақбөкендер-биологиялық түр ретінде құрып бітеді.

Эколог-журналистер маймаққазды (гагара) бакыт құсы деп атайды, бізде сенеміз, гагара өзінің қанатымен жауып ақбөкендерді қырсықтан құтқарады.

Сурет SCA-ікі



Александр Клепалов жүздемен – «Алтын маймаққаз»

## Ақбөкендердің мүйіздерімен заңсыз сауда жасауға қарсы информациондық кампания басталды

Аксартова Ж., АСБК, [zhanna.aksartova@acbk.kz](mailto:zhanna.aksartova@acbk.kz)

РОО Қазақстандық биоәртүрлілікті сақтау Ассоциациясы (АСБК) биылғы маусым айында Қазақстан қалаларын толтырған ақбөкен мүйіздерін сату туралы хабарландыруға қарсы информациондық кампанияны бастады.

Осы жылдың ақпан айында ҚР-сының Қылмыстық Кодексінің № 290 статиясының жаңа редакциясы қабылданған, онда былай делінген «Заңсыз аулау, сатып алу, сақтау, өткізу, әкелу, алып шығу, жөнелту, тасымалдау саны сирек және жойылып кету қаупінде тұрған өсімдіктер мен жануарлар түрлері немесе олардың мүшелері мен туандыларын жоюмен пара-пар. Сондай-ақ пайдалануға тиым салынған өсімдіктер мен жануарларды және (немесе) олардың мүшелері мен туындыларын, немесе олардың мекендейтін жерлеріне зақым келтірсе, бостандығын шектеумен үш жылға дейін немесе бостандықтан айыру сол мерзімге сотталғанның заттарын конфискация жасау арқылы сотталады ...», көбіне Қазақстан қалаларында тартымды бағаға ақбөкен мүйіздерін сату туралы хабарландырулар кездеседі.

Бұл кампанияның мақсаты – ақбөкендер мүйіздерін сатып аламыз және сатамыз деген хабарларды таратуға кедергі жасау, жергілікті тұрғындардың жауапты екенін түсіндіру, мұндай хабарландыруларға мән беретін адамдарға осындай шараның мәнін баяндау және браконьерлікті ынталандыратын алыпсатарғв әсер ету. АСБК қауымдастықтарды кампанияға қатысуға көңіл аудару керектігін түсіндіреді. Сонымен бірге жергілікті тұрғындарға – мүйіздер сатып алушылар мен алып – сатарларға – олардың істеп жүрген әрекеттері олардың өздеріне және табиғат үшін қауіпті екенін жеткізу.

Бұл, АСБК пікірінше, қоғамдық пікір қалыптастыруға көмектеседі, жануарлар дүниесін қорғау заңын бұзғандардың жолын кесуге, қылмыс жасағандардың бәріне табиғатқа сондай зиян келтіргені үшін қолданылатын шаралар туралы мәлімдеме беру.

Бұл позицияны қолдайтындар мен қосылатындарға ұсынылады:

- Қоғамдық орындарда (аялдамаларда, бағаналарда, дүкендерде) ақбөкендер мүйіздерін сатып алу/сату туралы хабарландыруды көрсеніз, хабарлатырудың жоғарғы жағына мүйіздерді жасырын сату/сатып алу туралы УК РК № 290 статиясынан выписканы іліп кетіңіз, оның салдары неге соғатынын білсін.
- Сатып алушы/сатушыны заң бұзғандығын ескерту керек, хабарландыруда көрсетілген смс-хабар номеріне хабар жіберу арқылы. Ұсынылып отырған хабардың текстісін мына адрес арқылы алуға болады [acbk@acbk.kz](mailto:acbk@acbk.kz) немесе соц. сеттен Facebook (<https://www.facebook.com/groups/443937775636114/>) және В контакте (<http://vk.com/event39122337>).

Қайда және қалай алуға болатындығы туралы сіз АСБК сайтынан оқуыңызға болады [www.acbk.kz](http://www.acbk.kz).

**АСБК барлық мүдделі адамдар жағынан қолдау  
табады деп ойлайды!**

**УГОЛОВНОЕ  
ДЕЛО!**

**Охота на сайгаков, а также торговля  
СТАРЬИМИ И НОВЫМИ рогами в Казахстане  
запрещена. Нарушение данного запрета  
наказывается ограничением свободы на  
срок до 3 лет или лишением свободы с  
конфискацией имущества.**

Уголовный кодекс РК Статья 290

# Баспалардан

## Қазақ-Өзбек шекарасында қоршау салу құрылысы

2011 жылдың күзінен бастап және күні бүгінге дейін Қазақстан Өзбекстанмен шектес батыс шекарадан бастап шығысқа қарай 100 шақырымнан аса қоршау құрылысын салды. Оңтүстік бағытта шекараның солтүстік-батыс бұрышында тағы 50 шақырым участке қоршау жүргізілген. Жерден сегіз қатар (биіктігі 180 см) етіп тартылған тікенекті сымдар қоршау арқылы тек ақбөкендердің өтуіне кедергі ғана жасамай, басқа да ұсақ жануарлардың өтуіне кедергі жасайды. *Толығырақ*

[http://www.uznews.net/news\\_single.php?lng=ru&sub=hot&cid=4&nid=19639](http://www.uznews.net/news_single.php?lng=ru&sub=hot&cid=4&nid=19639).



Сурет Uznews

Үстірт қыратындағы Қазақстан мен Өзбекстан шекарасындағы тікенек сымдар

## Қызылордада ақбөкендер мүйіздерін сатып алуды жою шаралары

Қызылорда полицейлері облыс территориясында ақбөкеннің мүйіздерін сататын орындарды жойып жіберу жөнінен белсенді оперативті қимылдар жасауда. Мүйіздерді сатып алу/сату туралы хабарландыруды таратуда алыпсатарлар немесе саудагерлер барлық әдістерді қолданады. Саудагерлерді жазалауға болады, телефондарының номерін біліп немесе товарды алып жатқан кезде қолма-қол ұстау шараларын өткізген уақытта. «Тасушыны» яғни мүйіздерді тасушы адамды жауапкершілікке тарту қаын. Облыстың табиғат қорғау полициясының мәліметі бойынша, ақбөкен мүйіздерін тасымалдау (трафик) былай жүргізіледі: Қазақстанда ауланған аңдардың мүйіздері жасырын Қытайға жөнелтіледі. Екінші жол-мүйіздерді тасымалдау ресей-қытай шекарасы арқылы Приморье мен Қиыр Шығысқа жеткізіледі; онда оның бағасы жоғары - 20 мың ресей сомасына дейін барады (Қазақстанда қоныс аудару кезінде өлген ақбөкендердің «ескі» мүйіздерінің біреуі 2-3 мың тенге тұрады; браконьерлік жолмен ұсталған аңдардан алынғын жаңа мүйіздер қымбат тұрады).

Толығырақ <http://www.zakon.kz/kazakhstan/4476050-policejskie-kyzylordy-objavili-vojjnu.html>.

## Қазақстанда суаттар ұйымдастыру ақбөкендер санын көбеютуге көмектеседі

2010 жылдан бастап, Қазақстанда «Қазақмыс» компаниясының қаржылай көмегімен «Қорғалжын қорығының батыс участкесінде су бөгеттерін қалпына келтіру» проектісі жүзеге аеуда. Екі жыл ішінде Теренсай, Тобылғысай және Ақбөкен бөгеттері қалпына келтірілген. Проектіге қатысушылардың пікірінше, шөлдеген ақбөкендерге су іздеу қорық территориясын шығып кетуге тура келеді; ал қорғалмаған территорияларда олар браконьерлердің «олжасы» болуы мүмкін. Ескі бұзылған бөгеттерді қалпана келтіру арқылы суаттар ұйымдастыру қоныс аударуды едәуір қысқартты. Бұл шаралар сондай-ақ Теңіз көлінде су құстарының санының өсуіне әсе етті. Қорық территориясындағы зерттеулер қазірде тағы да 8 бөгетті қалпына келтіруге болатынын көрсетті. *Толығырақ*

[http://locman.kz/newsonly.php?ID=29524#.T\\_3C15Ey2M8](http://locman.kz/newsonly.php?ID=29524#.T_3C15Ey2M8).

## Ақбөкендерді қорғайтын электрқоршау

Қалмакия Республикасының Яшкөлдегі жабайы жануарлар Орталығының питомнигінде ақбөкендерді жыртқыштардан қосымша қорғайтын электрқоршауды орнату жұмысы аяқталды. Электрқоршау вольердің барлық төңірегін қамтитындай төрт қатар етіп орнатылған. Қоршауды орнатуға питомник қызметкерлеріне волонтер ретінде Қалмакияның мемлекеттік университетінің аграрлық факультетінің студенттері көмектесті. Қоршау қуатты күн батареясынан алады және вольерге жыртқыштардың кіруінен тиімді қорғайды. Жыртқыш жануар электр тоғынан әлсіз удар алады және қоршаудан кетеді. Жануар үшін тоқтың соғуы қауіпті емес, онда тұрақты рефлекс пайда болады да, енді қоршауға жақындамайды. Жұмыс WWF-Ресей, ПРООН/ГЭФ/РФ Минприроданың және Элиста қаласының кәсіпкері О.Обгенованың қолдауымен орындалды. *Толығырақ*

<http://www.unmultimedia.org/radio/russian/archives/117703/>



Сурет Н. Ардыловалікі

Электрқоршау ақбөкендер бар вольердің бүкіл төңірегін қамтып орналастырған

## Ресейде ақбөкенді сақтауға IFAW көмектеседі

Халықаралық жануарларды қорғау фондысы (IFAW) 2012 жылы Ресейдің оңтүстігіндегі далаларында антилопалардың сирек түрі – ақбөкендерді сақтауға бір миллиондай сом ақша бөледі. Ақша Астрахань қорықшасы «Степнойға» оперативті керектілерге және жартылай еркіндік жағдайда ақбөкендерді өсірумен айналысатын Қалмақиядағы жабайы жануарлар Орталығына азық дайындауға бөлінеді.

Қазірде Ресейде ақбөкендер тек Астрахань облысы мен Қалмақияда ғана мекендейді. Соңғы санақ жұмысы бойынша, бұл жануарлардың саны 12 мыңнан аспайды. Сондай-ақ, IFAW эксперттерінің бағалауынша, ресей далаларында бар болғаны 7 мыңдай ақбөкендер қалды.

Толығырақ

[http://www.elista.org/index.php?option=com\\_content&view=article&id=14400:2012-06-15-05-46-47&catid=1](http://www.elista.org/index.php?option=com_content&view=article&id=14400:2012-06-15-05-46-47&catid=1),  
<http://eco.ria.ru/nature/20120615/673645518.html>.

IFAW өкілі Елена Жаркованың Астрахань облысының «Степной» қорықшасына және Республика Қалмақиядағы «Яшкөл» питомнигіне (жабайы жануарлар Орталығы) барғандағы алған әсерін IFAW сайтынан таба аласыздар <http://www.ifaw.org/united-states/news/watch-true-happiness-steppe-meeting-saiga-antelope>.

Сонымен бірге блогер мен фотограф Евгений Полонскийдің фотосесептерін көргісі келгендер (ол таяуда Астрахань облысының «Степной» қорықшасына барған) мына сайттан көре алады <http://e-polonskiy.livejournal.com/63311.html>

## Браконьерліктің жолын кесу және жасырын сауда жасау оқиғалары

### Қазақстан

6 қаңтар 2012 ж.

**Бетпақдала популяциясы:** Ырғыз ауданының Жайсанбай ауылынан 80 шақырым жерде Ырғыз РОВД қызметкерлері Қызылорда облысының тұрғыны айдап келе жатқан «Тойота Ланд Крузер» машинасын ұстады. Автокөлік салонында регистра жасалмаған екі ствольды аңшылық мылтығы патрондарымен табылды. Автомашинаның ізімен жүргенде полицейлер мүйіздері кесілген ақбөкеннің бес тушасын тапты. Шығын біржарым миллион теңгеден асты.

Толығырақ <http://www.avestnik.kz/?p=16078>.

28 қаңтар 2012 ж.

**Бетпақдала популяциясы:** Ақтөбе қаласында оперативтік-іздеу шараларын жүргізген кезде полицейлер машинасында 12 ақбөкен мүйізі бар қала тұрғынын ұстады. Мүйіздер алынды. Ұсталған адам 2011 жылдың тамыз айынан бастап, ақбөкен мүйіздерін сатып алумен айналысатынын айтты; ол үшін қалаға және жақын жатқан аудандарда қанша болса да ақбөкен мүйіздерін сатып алатындығы туралы хабарландыру ілетіндігін айтты. Бір жұп мүйізге 12 мың теңге төлейді

екен. Осы жолмен жинаған мүйіздерін ол өзінің таныстарына 1 килограммын 60 мың теңгеден сатады екен. Тұрған жерінде сақтаған соңғы екі айда жинаған 102 ақбөкен мүйіздерін ұсталған өзгерімен берді. Бұл факті бойынша УК РК 190, 183 статияларына сәйкес қылмыстық іс қозғау мәселесі шешілуде, экспертиза жасалуда.

Толығырақ <http://inform.kz/rus/article/2438108>.

6 ақпан 2012 ж.

**Халықаралық оқиға:** Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы шекаралық бақылау-жіберу пунктінде ақбөкен мүйіздерінің ірі партиясы ұсталды. Алматы облысының екі тұғыны Қазақстан территориясына 170 ақбөкен мүйізін алып шықпақшы екен. Контрабандистердің сөзіне қарағанда, ақбөкен мүйіздерін олар Астрахань қаласында қолға түсірген, енді Шымкентте оларды өткізуді ойлаған. Контрабанды фактісі бойынша «Қылмыстық жолмен алынған заттарды заңсыз алудың» 183 статиясына сәйкес қылмыстық іс қозғалған, тексеру жүргізілуде. Ұсталғандардың бәрі де ешқайда кетпеуге қол қойған.

Толығырақ <http://inform.kz/rus/article/2438956>,  
<http://www.zakon.kz/kazakhstan/4472483-v-atyrau-nezakonno-pytalis-sbyt-8.html>.

10 наурыз 2012 ж.

**Бетпақдала популяциясы:** «Охотзоопром» инспекторлары Жалағаштың РОВД қызметкерлерімен бірге Қызылорда қаласының төрт тұрғындары бар автокөлікті ұстады. Автокөліктің багажнигінде полицейлер аңшы мылтығы мен патрондар бар екендігін анықтады, сонымен бірге онда қанның іздері мен жануарлардың жүні болған. Машинаның ізімен жүріп, олар ақбөкеннің үш тушасын тапты, қуған кезде тастап кеткен. Заңсыз аңшылық жасағандары үшін ұсталғандарға қылмыстық іс қозғалған. Толығырақ <http://tengrinews.kz/crime/209828/>.

19 наурыз 2012 ж.

**Халықаралық оқиға:** Алматы облысының УБОП ДВД мен ОБДП ДВД қызметкерлері Капшағайға жақын орналасқан «Іле» постысында ақбөкен мүйіздерінің үлкен партиясын, ондатр терісін және баймура тамырын (ақшыл сепкілгүл - *Fritillaria pallidiflora* Schrenk) әкеле жатқан Шығыс Қазақстан облысы Сары Терек поселкасының тұрғынын ұстады. Барлығы полицейлер 4704 ақбөкен мүйіздері бар 49 қоробканы, 10608 ондатр терісі бар 26 тюктерді және «баймура» тамырлары бар үш қапты алды. Бұл факті бойынша материалдар Алматы облысының ДВД-на берілді. Полицейлер сатушылар мен өткізушілерді анықтау үшін оперативтік шаралар өткізуде. Алынған мүйіздер, терілер мен тамырларды ұсталғандар Зайсан қаласына апара жатқан екен, одан әрі Қытай жеткізу.

20 наурыз 2012 ж.

**Халықаралық оқиға:** «Құрманғазы» шекаралық постыда профилактикалық шаралар өткізу кезінде Алматы тұрғыны әкетуге әрекет жасаған ақбөкен мүйіздерінің ірі партиясы (178 штук) тағы да ұсталды әрі одан алынды. Материалдар мен заттық дәлелдеу Құрманғазы РОВД-сына тақсырылды. Тану өткізілді, экспертиза тағайындалды..

Толығырақ <http://www.zakon.kz/kazakhstan/4481427-kрупnejshaja-partija-rogov-sajjgi-i.html>.

27 мамыр 2012 ж.

**Бетпақдала популяциясы:** Ақтөбе облысының Ирғыз ауданында Құланыш жерінде, Ырғыз поселкасынан 45 шақырым жерде жергілікті тұрғын жүргізуші «УАЗ» автомашинасы ұсталды; автокөлік салонында ақбөкеннің тушасымен оның екі мүйізі табылды. Бұл факті бойынша қылмыстық іс қозғалды, УК РК 288 статиясына сәйкес «Заңсыз аңшылық», ұсталған ешқайда кетпеуге қол қойды. Табиғатқа келтірген зияны 323 мың тенге шамасында деп бағаланды.

Толығырақ <http://inform.kz/rus/article/2467509>.

5 маусым 2012 ж.

**Бетпақдала популяциясы:** Айтекеби ауданының Қырыққұдық селосынан 12 шақырым жерде Ақтөбе облысының Айтекеби ауданына «Охотзоопрома» инспекторлары ақбөкендердің 60-тан аса тушаларын тапты, ал ақбөкендердің мүйіздері кесіліп алынған. Кейірек ДВД-нің криминальды полиция қызметкерлері «Арлан» арнаулы бөлімінің қатысуымен Қызылорда облысының тұрғындарын ұстады. Олардың айтылған қылмысқа қатыстары барлығы толық дәлденді. Бұрын аралап алған мүйіздерді табу үшін оперативтік шаралар атқарылуда. «Заңсыз аңшылық» статиясы бойынша қылмыстық іс қозғалған. Мемлекетке келтірген зияны 20 миллион 144 мың тенге деп бағаланды.

Толығырақ <http://rus.azattyk.org/content/saiga-otstrel-roga-aktobe/24614906.html> және <http://today.kz/ru/news/incident/2012-06-15/67726>.

15 маусым 2012 ж.

**Бетпақдала популяциясы:** Оперативтік-іздеу шаралары кезінде табиғатты қорғау полициясы қызметкерлері «Охотзоопрома» инспекторларымен бірлесіп, Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Терісаққан селосының тұрғыны жүргізген «УАЗ» автомашинаны тоқтатты. Оның салонында сойылған ақбөкен болды. Қазірде УК РК 288 статиясына сәйкес факт тіркелген («Заңсыз аңшылық»). Толығырақ <http://www.zakon.kz/kazakhstan/4497187-dvukh-brakonerov-s-tusheji-sajigaka.html>.

18 маусым 2012 ж.

**Орал популяциясы:** Батыс Қазақстан облысының Ақоба поселкасында оперативтік шаралар жүргізу кезінде АШМ-нің орман және аңшылық шаруашылығы комитеті мен РГКП «ПО Охотзоопром» территориялық инспекция қызметкерлері ақбөкендердің 12 жұп мүйіздері мен аңшылық мылтық тапты. Заңсыз аң аулау фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалды. Қазірде тергеу шаралары жүргізілуде.

Толығырақ [http://www.kazakh-zerno.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=59443:-12-&catid=14&Itemid=108](http://www.kazakh-zerno.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=59443:-12-&catid=14&Itemid=108).

7 шілде 2012 ж.

**Бетпақдала популяциясы:** Ақбөкенге заңсыз аңшылық жасау фактісі Ырғыз ауданында байқалды. Ырғыз селосының тұрғыны жүргізген автокөлік тексерілді. Жүргізуші қасында Ақтөбеден пассажир болған. Полицияның участкілік инспекторлары мен ДВД-ның табиғат қорғау полициясының қызметкерлері салоннан ақбөкен тушасы, 5 жұп мүйіздер және мылтық тауып алған.

9 шілде 2012 ж.

**Бетпақдала популяциясы:** Ақтөбе облысының ДВД-ның криминальды полиция қызметкерлері Ақтөбе қаласының тұрғыны және Қарабұтақ поселкасының екі тұрғынын ұстады. Олардың машиналарынан 5 ақбөкен тушалар және екі мылтық алынған. Ақбөкендерді заңсыз аулағандары туралы фактіні ұсталғандар мойындады.

Екі факті бойынша УК РК 288 статиясына сәйкес қылмыстық іс қозғалған (Заңсыз аңшылық), келтірілген зиянның бағасы анықталуда. Ұсталғандар ешқайда кетпеуге қол қойды. Толығырақ <http://kt.kz/?lang=rus&uin=1133168098&chapter=1153557197>.



Сурет Е.Полыскайды (Астрахань обл.)

Ресей мен Қазақстанда хабарландыру әдеттегі іске айналды: «Ескі ақбөкен мүйіздерін сатып аламын»

## Өзбекстан

23 ақпан 2012 ж.

**Үстірт популяциясы:** Кунград ауданында Қарақалпақия темір жол станциясында арнаулы Амудария инспекциясының қызметкерлері Қарқалпақстан кеден қызметімен бірге ақбөкеннің 302 мүйіздерін алып шықпақ кезінде Өзбекстан тұрғынын ұстаған. Мүйіздер конфискіленген, тергеу жүргізілуде.

## Қытай

30 наурыз 2012 ж.

Урумчидегі кеденнің хабарлауына, Алтай кеден постында жануарлар тектес контрабандалық өнім ашылды, сөйтсе ол ақбөкен мүйіздері екен. Тексеру кезінде Жиминай портуында автобустың бағажды бөлімінде кеден қызметкерлері бензин сиымдылығына ұқсас контейнерді тапты; онда желпы салмағы 163 кг болатын 876 ақбөкен мүйіздері табылды. Іс контрабандымен күресу бөліміне берілді. Толығырақ <http://www.chinanews.com/fz/2012/04-01/3793429.shtml>.



Сурет ChinaNews.com

Қытай кеденінде ұсталған мүйіздер

# Мақалалар

## Моңғолияда ақбөкен лақтарының тірі қалуы мен кеңістік экологиясы

Бувейбатар Б.<sup>1,2\*</sup>, Фуллер Т.К.<sup>1</sup>, Файн А.Е.<sup>2</sup>

1 – табиғат қорғау бөлімі, Массачусет университеті, АҚШ;

2 – Моңғол программасы, табиғат қорғау қоғамы, Моңғолия (WCS), Mongolia


Автор-корреспондент: Бувейбатар Б., [buuveibaatar@gmail.com](mailto:buuveibaatar@gmail.com)

Моңғол ақбөкені (*Saiga mongolica*) [туыстың систематикасын талдауда бұл номерде Д.Мэллона статиясын қара, ред. ескертуі] батыс Моңғолияда жартылай шөлейтті экосистемада мекендейді. Оның саны 5,000-7,000-дай. Соңғы жылдары Моңғолияда ақбөкеннің таралуы мен саны өсуде, мүмкін, заңдарды орындау күшейген болуы керек. Қазірде тіршілік ететін моңғол ақбөкенінің үш суб-популяциясы бұрынғы таралу ареалының бар болғаны 20%-ін құрайды. Қорғалатын табиғи территориялар жабайы түрлер мен олардың мекендейтін жерлерін қорғаудағы дағдылы және тиімді формалары болып табылады. Қазірде қорғалатын ареалының 30% территориясын кеңейтуді қажет етеді және ақбөкен қоныстарын тиімді сақтау үшін ерекше қорғалатын территориялар (ООПТ) санын көбейтуде керек. Шарга қорығында ақбөкен лақтарының тірі қалуы және қоныс ауыстыру жөнінде көптеген мәліметтер жиналғанымен қорғалатын территориядан тыс жерлерде ақбөкеннің экологиясы туралы мәліметтер белгісіз. Қорықтар ақбөкен лақтарының өсуіне қалай әсер ететін анықтау үшін Шарга қорығының көлемі 3,088 км<sup>2</sup> участогінде және ООПТ тыс участкіде, бұрынғы ақбөкендер төлейтін ауданда (40 км солтүстік-шығысқа қарай), жаңа туған ақбөкен лақтарын аулап, оларға ошейниктер тағуды ұсындық. 2012 ж. 11-21 маусымда Хуйсин Гобиде біз 10 еркек және 10 ұрғашы, ал Шаргин Гобиде 8 еркек және 12 ұрғашы лақтарды аулап, оларға білезік кигіздік (сурет 1). Екі участкеде ошейник кигізілген лақтардан арасында 24-і бірден лақ туғандарда, 16-тісі егіз туған лақтар. Барлық білезік салған лақтардың орташа салмақтары 2.43 ± 0.39 кг (n=40) болды; дене массасы жөнінен Шаргин және Хуйсин Гоби лақтарының арасында айтарлықтай айырмашылық болған жоқ (t=0.03, p=0.48). Шаргин Гобиде жиі көрінген жыртқыш - түлкі (*Vulpes vulpes*) болса, Хуйсин Гобиде - қарсақ (*Vulpes corsac*) байқалды. Аулау кезінде Шаргин Гобиде үш білезіктелген лақтарды түлкі және жыртқыш құс өлтірсе, ал Хуйсин Гобиде екі лақты белгісіз жыртқыш өлтірген.

Қазірде лақтардың тірі қалуы мен екі участкеде қоныс аударуын зерттеу мақсатымен ошейник кигізілген жануарлармен мониторинг бақылау жалғасуда. Бұл әдіс ООПТ-де және одан тыс жерлерде қоныс аудару, мінез-құлық, мекендейтін жерлерін пайдалануға байланысты экология және басқару мәселелерін бізге толық зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл жұмыс Ұлттық географиялық қоғамның қолдауымен орындалды.



Шарга қорығында (Батыс Моңғолия) радио-ошейникпен жабдықталған ақбөкен лағы



Сурет 1. Батыс Моңғолияда зерттеу жүргізілген аудан

# Прикаспий регионунда акбөкеннің мекендейтін жерлерін пайдалануын бағалау үшін жергілікті тұрғындардың қатысуымен мониторингты қолдану


Эллиот Г.<sup>1</sup>, Арылов Ю.Н.<sup>2</sup>, Хлуднев А.В.<sup>3</sup>, Милнер-Гулланд Э.Дж.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Лондонның Империял колледжі, <sup>2</sup>Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы, <sup>3</sup>«Степной» қорықшасы

Автор-корреспондент: Грэм Эллиот, [graham.elliott10@imperial.ac.uk](mailto:graham.elliott10@imperial.ac.uk)

Жергілікті жұртшылықтың қатысуымен мониторинг әдісін қолдану нәтижесінде алынған мәліметтер Прикаспий регионунда акбөкеннің қазіргі ареалын анықтауға көмектесті. Проектінің мақсаты – акбөкеннің таралуын зерттеу және қысқы-көктемгі мерзімде түрдің территориялық ауыстырушылық жағдайын анықтау. Проект Раффода және Мухаммеда бин Зиеда фондларының қолдауымен орындалды. Бұл проблемаларды зерттеу акбөкенді сақтау үшін өте маңызды, өйткені түрдің маусымдық территориялық бөлінуі аз зерттелген, әсіресе, қыс айларында және ООПТ-ден тысқары жерлерде.

Бұл зерттеудің орындалуы 2008 жылы Юрия Арыловтың басшылығымен Лондонның Империял колледжі өкілдерінің қатысуымен және қаржы жағынан Британиялық Совет BRIDGE программасының қолдауымен орындалған пилотный проектінің жалғасы болып табылады; бұл қоныс аударатын түрлерді зерттеу мен сақтау үшін жергілікті тұрғындардың білімін және қатысуын пайдалануға болатынын көрсетті. Акбөкеннің таралуы мен территорияда бөліну жағдайын анықтау үшін жергілікті тұрғындардың қатысуымен жүргізілген мониторинг мәліметтері пайдаланылды. Бұл зерттеулерді 25 бақылаушылар 2010 жылдың қазан айының ортасынан 2011 жылдың маусым айы арасында «Степной» қорықшасынан солтүстікке және Оңтүстікке қарай орналасқан аудандарда және биосфералық қорық «Черные Земли» бір бақылаушы ООПТ аралығындағы территорияда болды (сурет 1). Барлығы акбөкеннің 309 группировкасы анықталды, оның 173 – қыста (қазан-ақпан айлары), 136-ы көктемде (наурыз-маусым айлары).



Сурет 1. Бақылаушылар локализациясы.

Цифрлар, бақылаушылар мәліметтері бойынша, акбөкендер группировкаларының саны. «Черные Земли» қорығының (батыста) және «Степной» қорықшасының (шығыста) шекаралары жіңішке қара линиямен көрсетілген.

Көктемгі группировкалардың орташа көрсеткіші (107,7), қысқы көрсеткішке қарағанда (49,8), жоғары болды. Әсіресе, ірі группировкалар ақпан-сәуір айларында байқалды. Тексерілген территорияда бүкіл жыл бойы салыстырмалы түрде біркелкі таралуы (бөлінуі) 25 бақылаушыдан 24-і атап көрсетті.

ООПТ-дан тыс жерлерден алынған акбөкендердің бөлінуі (распределения) туралы материалдар, бақылаушылардан алынған мәліметтер, салыстыру үшін, екі группаға-бөлінген: бір группа - ООПТ-дан солтүстікке қарай тұратын бақылаушылар, ал екінші группа-оңтүстікке қарай тұратындар (анализге ООПТ аралығындағы территорияда бақылаушылар алған мәліметтер алынған жоқ). Солтүстікпен салыстырғанда (109), акбөкеннен едәуір мәліметтер оңтүстіктен жиналды (175). Сондай-ақ «Оңтүстік» группаның орташа мөлшеріде (113,6) жоғары болды, солтүстік группамен салыстырғанда (20,5). Бақылау жүргізген кейбір участкелер бір-бірінің үстінде жатқандықтан көрші бақылаушылар екінші рет санауы мүмкін. Сондықтанда алынған мәліметтер акбөкеннің салыстырмалы тығыздығының көрсеткіші ғана болуы мүмкін; зерттелген участкада популяциондық саны емес.

Алынған мәліметтер қысқы және көктемгі кезеңдерде ArcGIS-те акбөкендердің мекендерін қоныстарын ауыстыру картасын жасау үшін қолданылды және акбөкеннің мекенін немесе басқа мекендейтін жерлерін пайдаланудағы бірқатар тұрақтылығын бейнелейтін модель (Maxent программасында) дайындауда пайдаланған. Бұл модель акбөкендердің мекендерінде таралуға әсер ететін факторларды анықтау үшін де пайдаланды. Бұл модель мынаны көрсетті: акбөкендердің мекендерінде ауысуы, негізінен көктемнен қысқа дейін онша өзгермейді. Сондай-ақ қолданылатын модель зерттеу кезінде акбөкендерді табу мүмкіндігі су көздеріне жақын жерлерде және ООПТ территориясында жоғары екендігін көрсетті. Акбөкеннің таралу факторы ретінде қорғалатын территорияға дейін қашықтықтың позитивтікте және негативтікте контексті бар. Бұл мынаны көрсетеді: «Степной» қорықшасы және «Черные земли» қорығы акбөкенді территориялық қорғау қызметтерін жақсы атқарады. Бірақ, акбөкендер, сондай сеніммен атап өтуге болады, қорғалатын территорияларға жақын мекендейді; соған сәйкес бұл аудан үшін браконьерліктің қазіргі деңгейі проблема болып қала береді.

Бұл зерттеудің нәтижесіне сүйеніп мынаны айтуға болады: жергілікті тұрғындардың қатысуымен жүргізілетін мониторинг акбөкеннің территориялық таралуы мен қоныс аударудағы мінез-құлқы жөніндегі білімімізді жақсарту үшін жақсы потенциал болып табылады. Бұл мәліметтер таралу тенденциясын анықтау мақсатында келешектегі салыстырмалы мониторинг жүргізуге негіз бола алады.



# Үстірт қыратында табиғат қорғау жөніндегі білімділік-ағарту жұмыстарын бағалау

Дамерелл П.<sup>1</sup>, Быкова Е.А.<sup>2</sup>, Milner-Gulland E.J.<sup>3</sup>

1 - Пекиннің орман шаруашылық университеті; 2 – Өзбекстанның өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің генофонд Институты; 3 – Лонданның Империял колледжі

Автор-корреспондент: Питер Дамерелл, [Peterdamerell@hotmail.co.uk](mailto:Peterdamerell@hotmail.co.uk)

Үстірт қыратында ақбөкен санының қысқаруы жалғасуда. Популяцияның тұрақталуы және оны тұрақты жағдайға дейін қалпына келтіру, әдетте, бұл түрдің өсуіне көмектесетін шараларды белсенді жақтайтын жергілікті тұрғындардың дайындығына байланысты болады, және браконьерлік ұсынған барлық мүмкіндіктерді қабыл алмаған жағдайда. Нәтижесінде, табиғат қорғау мамандарының пайдалануы үшін жергілікті тұрғындар арасында ағарту жұмыстары жөніндегі ұсыныстар қисынды құрал болып табылады. Бірақ білімдік программаның әсерін сын көзімен бағаламай қандайда бір қортынды жасау мүмкін емес. Табиғат қорғау жөніндегі шаралардың әсерлері мен тиімділігін дәлелдеу өте маңызды, өйткені оларды қаржыландыру мөлшері шағын ғана ғой.

Өзбекстанда Үстірт қыратында балаларда ақбөкендердің экологиясы мен қорғау жөніндегі мәліметтердің сапасы жоғары болуға бақытталған ағартушылық программа 2006 жылдан жұмыс істейді. Бүгінде 6-шы жыл болды, программа бұл схемамен Жаслық және Қарақалпакия поселкаларындағы жергілікті мектептермен бірігіп, орындалып келеді, сондай-ақ оны Құбла-Үстірт поселкасына таратуда жоспарлануда. Мектеп кластарында өткізілетін ақбөкенді қорғау шаралары «Ақбөкен күні» мейрамын өткізумен аяқталады. Онда балалар бұл жануар туралы не біледі соны көрсетеді; сахна көріністері ойналады, әңгімелер тыңдайды және ақбөкенді қорғау жөніндегі өз жұмыстары үшін наградалар алады (жоғарыдағы ақбөкен күні мақаласын қара). Ақбөкен күніне жергілікті кәсіпкерлер, саясаттанушылар және барлық ата-аналар келеді. 2011 жылы Өзбекстанда өткізілген осындай мейрамға жалпы алғанда 845 оқушы және 250-дей ата-аналар қатысты.


Үстірт қыратының өзбек бөлігінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі білімдік программаның тиімділігіне біз анализ жасап көрдік; ақбөкен туралы ағартушылық жұмысы жүргізілген мектептердегі балалардың білімін (п. Жаслық және Қарақалпакия поселкасындағы екі мектеп) ақбөкен туралы ағартушылық жұмысы жүргізілмеген балалардың білімімен (Құбла-Үстірт) салыстырып көрдік. Сондай-ақ біз ата-аналардың ақбөкенді қорғау мәселесіне қатыстарында бағаладық.

Ағартушылық шараларына қатысқан балалар ақбөкен туралы және оны қорғау жөнінде кең көлемде білімдері бар екенін байқатты, әсіресе, егер олар ағартушылық жұмысына екі жылдай қатысса. Ақбөкендерді қорғау жөніндегі білімдерін бағалау үшін балалардан нағыз қатаң қауіпті, оларға қатер

төндіретін жағдайды атауды сұрадық. ақбөкенді қорғау сабағы өтетін мектептері бар поселкаларда оқушылардың жартысынан астамы нағыз қатаң қауіп-адам қызметтері деп атады; бұлардан өзгеше, ағартушылық үгіт – насихат жүргізілмеген поселкада 70% респонденттер шешуші фактор – табиғи себептер деп санайды.

Ағартушылық шараларды барлық жерде жақсы қабылдады - 100% сұралған балалар ақбөкендер туралы өткен сабақтар оларға сондай қанағаттану тудырады деп мәлімдеді. Сондай-ақ балалар бұл жұмыс бір жағынан қызықты әрі ағартушылық мәні зор болғандықтан білімі үшін жоғары баға алды деп мәлімдеді, кейбір оны тек көңіл көтеру деп санаған балаларға қарағанда. Ағартушылық жұмысты бір жағынан көңіл көтеру және білім беру деп санаған оқушаларда адам қызметтерін ақбөкендер үшін нағыз қатаң қауіпті жай деп санау жағында көрінеді.

Сұрау салған елді мекендерде, ересек адамдар, жалпы, ақбөкенге және оны сақтауға өте жағымды қарайды. Барлық респонденттер «ақбөкендерді қорғау маңызы аз міндет» дегенмен келіспеді немесе үзілді-кесілді келіспеді, ал 88% ересек адамдар егерде ақбөкендер мүлдем құрып кетсе «өте жаман болады» дегенмен толық келісті (қалған респонденттер бұл жаман болар еді дегенге келісті). Сонымен қатар, жалпы, қатынас жағымды болды, көп ересектер олардың поселкасында басқа тұрғындардың теріс көзқарастары бар екендігінде сөз етті. Бірақ, мұндай пікірлерді қабылдау басқа адамдарда айырмашылығы байқалды – кім қатысқан немесе кім қатыспаған «Ақбөкен күніне».



Сурет 1. Әртүрлі поселкаларда ақбөкен үшін нағыз қатаң қауіп – қатерді балалардың қабылдауы

Ақбөкен күніне қатыспаған 50% ересектер ойлайды: олардың ауылындағы тұрғындар ақбөкендерге аңшылық жасауға болады деп санайды; бұл цифр тым қысқарды тіпті 0%-ке үшін кім бұл мейрамға қатысты. Ата-аналарды сұраған уақытта, олардың поселкаларының тұрғындары ақбөкен етін жеу – жаман ба? деген сұраққа, ақбөкен күніне қатысқан ата-аналар мұнымен келісті, бұл шараға қатыспаған 10% адамдарға қарағанда. Екі группаның мынадай пікірге «Менде, басқа да менің селоның тұрғындары сияқты ақбөкенді қорғаудың маңызды екеніне қосыламын» деген жауабында айырмашылық болмағаны қызық-ақ.

Ақбөкен күніне қатыссада, басқаларға қарағанда, басқа көзқараста болған ересектер қатысын онша өзгерте қойған жоқ. Олар өздерінің қауымдастықтарының басқа мүшелері ақбөкенді сақтауға оңды қарайды деп ойлайды. Мұның нәтижесінде, ақбөкен күніне қатысқан оның ересек қатысушыларына социальды нормалар қалыптастыруы; бұл қауымдастықта жағымды әсерлердің таралуына мүмкіндік береді, оны біз бақыладық. Адамдар әлі де олардың селоларында тұрғындары ақбөкенді пайдалануға қарсы екеніне сезіне қойған жоқ, ақбөкен күніне қатыспаған соң. Бұл өте басты нәтиже, өйткені басқалар қабылдау арқылы мүмкін боларлық мінез-құлық деп санайды; ол, мүмкін, басқа да жеке адамдардың мінез-құлқына күшті әсер етуі ғажап емес.

Үстірт қыратының өзбек бөлігінде өткізілген ағартушылық жұмыс балалардың экологиялық білімдерін кеңейтуге әсер етеді және олар жануарлар популяциясының санының азаюына адамдардың әсерін түсетіндігін зерттеу көрсетті. Сонымен бірге, бұл ағартушылық программа оның орындалуына көмектескен ересектер түсінеді: тұрғындардың бәрінде де ақбөкенді пайдалануға теріс пікір қалыптасқан. Бұл




Сурет 1. Еуроомікі

**Питер Дамерелл және оның ассистенті Жамшид Абатов Құбла-Үстірт поселкасында мектеп оқушысымен әңгіме өткізуде**


өте жағымды нәтиже және көп ауыл балаларымен және Өзбекстанның көпшілік тұрғындарымен жұмыс істесе, өз жұмыстарын қанағаттанарлық деп сезінуі қажет, өйткені олардың жұмыстары басты нәтижелер береді.

Ағартушылық шаралар барлық региондарға таралады және кеңейтіледі, білім беру программасына қайтадан балаларды тарту арқылы оларды оқытуды кеңейту керек және барлық балалардың ойын-сауық және басты ағартушылық мәліметтерге қатысуын ұйымдастыру қажет. Ақбөкен күні мейрамын ересек адамдардың қатысуымен жалпы поселкалық оқиғаға айналдыру – жергілікті тұрғындарға ақбөкенді сақтау жөнінде ерекше ой салады.

**Адамдар ойлайды: ақбөкен етін жеу – бұл жаман**



**Адамдар менің поселкамда ойлайды: ақбөкенге аңшылық жасауға болады**



**Сурет 2. Ақбөкенді заңсыз пайдалану жөніндегі әртүрлі мақылдаумен келісетін ересек адамдар санының қарым-қатынасындағы айырмашылықтар.**

Жақта ішінде респонденттер саны – ақбөкен күніне қатысқандар, қатыспағандар, сондай-ақ ешқандай жауап бермегендер. Қызыл түспен бұл мақылдаулармен келіспейтін адамдар үлесі, жасыл түспен - қалыс қалғандар, ал көк түспен - келіскендер.

# Ырғыз-Торғай-Жыланшық регионьнда ерекше қорғалатын табиғи территориялар сеті

Телькараева А.

АСБК, [aliya.telkarayeva@acbk.kz](mailto:aliya.telkarayeva@acbk.kz)

Қазақстанда әртүрлі типтердегі дала ландшафтары 1,2 млн км<sup>2</sup> жерді алып жатыр; оларды глобалды саны азайған уникалды жануарлар түрлері мен өсімдік тобы алып жатыр. Дала әртүрлілігін сақтау үшін ерекше қорғалатын табиғи территориялар (ООПТ) маңызды роль атқарады. Бүгінде дала зонасында ООПТ мен қорғалатын шамамен 1,7% қалған табиғи орта бар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2030 жылға дейінгі ООПТ системасын кеңейту стратегиясында далалық экосистемаларды ООПТ құрамына енгізу шаралары қаралады; бұл іске асып жатқан «Жасыл Даму» 2010-2014 жылдарға арналған салалық программада көрсетілген. Далалық әртүрлілікті сақтауға көмектесу және ООПТ сеттерін ұйымдастыру мақсатымен 2009 жылы Глобалды экологиялық фондының «Далалық экосистемаларды сақтау мен тұрақты басқару» проектiсi жұмысын бастады. Қазақстандағы ООН-ның далу программасы арқылы жүзеге асатын проектiнiң орындаушы агенттiгi – ҚР-сы ауыл шаруашылығы министрлігiнiң орман және аңшылық шаруашылықтары комитеті болып табылады. РОО «Биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясы» (АСБК), бұл проектiнiң партнері ретінде пилоттық территория Ырғыз-Торғай-Жыланшықта (ИТЖ) дала ландшафттарын басқару және қорғау системасын дайындауда; жалпы көлемі 6,2 млн. га, Қазақстанның орталық бөлігінде Қостанай облысының екі әкімшілік аудандары территориясында. Бұл участкада әртүрлі типтегі далалық және шөл ландшафттары, сулы-батпақты мекендер бар; оларда саны сирек және жойылып кету қаупі бар сүтқоректілер мен құстар мекендейді; мұнда ақбөкендердің бетпақдала популяциясының қоныс аударатын, төлдейтін және жазғы жайылымдары бар.

Қазақстанның далалық зонасында биоәртүрлілікті сақтау стратегиясы қаржылық жағынан тұрақты ООПТ-ның әртүрлі типтегі системаларын ұйымдастыруға негізделген; олар бір-бірімен экологиялық кодидор арқылы байланысатын болады; онда басқарудың басты ролі жергілікті табиғат ресурстарын пайдаланушылар мен жерді пайдаланушыларда болады. Бұл жағдайда қорғалатын участкелерге Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты және ұйымдастыратын «Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерваты жатады; олар өзара экологиялық коридок арқылы қосылатын болады, «Алтын Дала» резерваты Қостанай облысының Жангельды және Амангелды аудандары территориясында орналасқан және үш кластерлы участкелерден тұрады: Сарықопа, Тосыққұм және үлкен Ұлы Жыланшық. Үш участкелердің жалпы көлемі - 489 774 га. Бұл объектiнiң техника-экономикалық қортындысы дайын, оны КЛОХ-тың Ғылыми-техникалық Советі бекіткен және мемлекеттік экологиялық экспертиздің жағымды қортындысы алынған. Бір жыл бұрын резерват ұйымдастырылатын жерді сақтау жөнiнде Қостанай облысы әкімiнiң қаулысы қабылданған болатын. Сондай-ақ, бiздiң зерттеуiмiз бойынша, Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи

резерватының шекарасын кеңейту жоспарланған; қазіргі кезде кеңейтудың технико-экономикалық қортындысын дайындау аяқталды және жерді резервирования процессі жүріп жатыр. Келекешекте экологиялық коридор «Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерватының үш бөлігін өзара қосады және Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватымен және Торғай қорықшасымен қосады. Коридорларға тұрақты аңшылық қоныстары, жеке меншік табиғат қорғау территориялары және басқа да участкелер енеді; онда тұрақты табиғи ресурстарды және жерді пайдалану жүзеге асады. Бұл процеске табиғи ресурстарды пайдаланатындар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар және басқа да мүдделі жақтар қатысады. Экологиялық коридорлар ұйымдастыру стратегиясы негізі түрлер мен экосистема мониторинг мәліметтеріне сүйенеді. Бұл мәліметтер мониторингтің әртүрлі системасын қолдануда әртүрлі ұйымдардан алынды; олар арқылы резерватты басқаруды қамтамасыз ету және табиғат қорғау қызметтерін жоспарлау.


Ырғыз-Торғай-Жыланшық территориясы үшін коридорларды тікелей таңдап алуда және оларды басқаруда басты түр – ақбөкен болып табылады. Ақбөкендерді қорғаудың тиімділігін күшейту, экологиялық коридорлардың қызмет ету жағдайын анықтау үшін бұл жануарлардың топтанған жерлері, қоныс аудару мерзімдері, бағыттары, жылдамдығы туралы мәліметтер қажет-ақ. Советтік уақыттағы тарихи мағлұматтар қолдануға жарамайды, өйткені ақбөкен мекендейтін жерлердің ландшафттары айтарлықтай өзгерген және саны азайған жануарлардың мінез-құлқында айырмашылық бар. АСБК мамандары 2008 ж. сәуір айынан бастап ақбөкендердің кездесуін тіркеу жұмыстарын жүргізуде; сонымен бірге олар үнемі жылсайын ҚР АШМ-ның орман және аңшылық шаруашылықтар комитеті ұйымдастырған авиасанаққа қатысады; Олардың алған мәліметтері территориялардың өзара байланыстар моделін құруда пайдаланылады; оның далалық аймақты қорғау үшін және экологиялық ландшафттық процестерді бағалау үшін маңызы бар. Сонымен бірге, 2009 жылдан ақбөкендердің бетпақдала популяциясының мониторингісі үшін (ал 2011 ж. және үстірт популяциясы үшін) АСБК жануарларды спутниктік қабылдағыштармен білезіктеу әдісін қолданады.

Экологиялық коридорларды анықтаудың бірінші кезеңі экосистема картасы бойынша ландшафты туралы базалық мағлұматтар жинау болып табылады; ол рельеф пен топырақ типтеріне байланысты өсімдіктер топтамасын көрсетеді. Одан әрі, өсімдіктердің сирек түрлерін көрсететін, жануарлардың сирек түрлерінің кездесуін, гидрографиялық сеттер, космостан түсірілген суреттер арқылы өрттердің таралуы туралы, социальды-экономикалық көрсеткіштер және басқаларды көрсететін ландшафты карта жасалады. Осының негізінде мынадай зоналар бөлінеді: 1) салыстырмалы тұрақтылық (экологиялық норма), 2) экологиялық тәуекел және 3) экологиялық дағдарыс. Келесіде

негативті процестерді жойғанда немесе кеміткенде, немесе экосистемаға әсер ететін жаңа факторлар анықталғанда зоналардың шекаралары қайта қаралады. 2009-2011 жылдарда пилотный территорияға түрлі мамандардың (ботаниктер, орнитологтар, териологтар, ГИС-мамандары, геоэколог-ландшафтоведов, климатолог) қатысуымен экологиялық мониторинг жүргізілді. Жұмыс барысында жаңа мәліметтер алынды, келесі анализдерге базалық линия жасалды, экосистеманың келесі мониторингі үшін площадкалар дайындалды және олардың әртүрлі компоненттері үшін мәліметтер базасы құрылды, мониторингтың бірінші нәтижелері бағаланды.

Коридор құру процесінің кіншікезеңі-көрсетілген мәліметтер талдау жасау, мақсатты міндеттер мен коридорлардың шекараларын анықтау үшін белгілерді таңдау болып табылады. Маңызды көрсеткіштерге мониторингтік түрлердің мекендейтін табиғи шекарасы, олардың қозғалыстары, маусымдық қоныс аударуы және мекендейтін жерлері жатады; ландшафттары түрлердің барлығы, табиғи өсімдіктер жамылғысының сақталуы, поселкалардан алыстығы, суаттың болуы, вегетативтік индекс көрсеткіші, биоәртүрлілік деңгейі жатады.

Үшінші, қортынды кезеңде тікелей экологиялық коридорлардың шекараларын анықтау жүргізілді және



**MARXAN** программасы көмегімен дайындалған экологиялық коридорлардың схемасы

оларды ГИС-ті қолдану арқылы картаға түсіру басталды. Программа MARXAN мақсатты міндеттер мен алынған мәліметтер негізінде коридорлардың оптималды үйлестіруді іздеу үшін қолданылды. Комплексті системалық ыңғайлы тәсілді қолдану ғылымға негізделген ООПТ сеттерін/экологиялық коридорларды жобалауға мүмкіндік берді. Келесі міндетсеттердің барлық элементтерін қорғаудың мемлекеттік системасына енгізуді қамтамасыз ету және/немесе бақылау және бұл сектердің тиімді жұмыс істеуі.

## Үстірт шекаралық қоршаудың ақбөкенге әсері және оны жеңілдетудің мүмкіндігі

Милнер-Гулланд Э.Дж.

Лондонның Империял колледжі, ақбөкенді сақтау Альянсы, [e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)

1990-жылдардың ортасында ақбөкеннің үстірт популяциясының саны шамамен 250 мыңдай болатын; 2000-жылдардың басында басқа да популяциялармен бірге олда санының күшті қысқаруын басынан кешірді. Бірақ, Қазақстандағы басқа популяциялардан ерекше, үстірт популяциясының санының қысқаруы жалғасуда. Санының төменгі көрсеткіші Қазақстанда 2010 жылы авиасанақ кезінде байқалды, барлығы 4,900 –дей ақбөкен саналды. Соңғы санақ мәліметтері бойынша, оның саны 6,500-дей болды. Мүмкін, барлық тіршілік ететін популяциялар ішінен ең саны аз популяция осы болуы керек.

Қалпына келу деңгейінің төмен болу себебі-Қазақстан мен Өзбекстанда ақбөкенді тұрақты коммерциялық пайдалану болуы керек. Ол қазіргі зерттеулер арқылы белгілі болды. Өткен жылы осы жұмысты жүргізген кезде жергілікті тұрғындар Үстірттен Қазақстан арқылы Қытай баратын жолды сипаттап берді және олар

аңшылық өздері пайдаланатын және сататын еті үшін және халықаралық сауда үшін мүйіздері пайдаланады деп көрсетті.

Үстірттің трансшекаралық жайы табиғат қорғау ісіне қиындық келтіреді. Ақбөкен популяциясының үлкен бөлігі Қазақстан (жазғы кезен) мен Өзбекстан (қысқы кезен) арасында маусымдық қоныс аударады. Жергілікті тұрғындардың қатысуымен жүргізілген мониторинг резидентті (тұрақты) ақбөкендер Өзбекстанда бүкіл жыл бойы мекендейтінін көрсеттін дәлелдер алынды; деседе, аз мөлшерде. Шекараны қазақ ақбөкендерінің барлығы кесіп өтпейді, бірақ популяцияның айтарлықтай бөлігі екі ел арасында қоныс аударады. Оқиға орынынан соңғы жаңалық: Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы батыстан шығысқа қарай созылып жатқан участкіні қоршау құрылысы толығымен біткен (жоғарыдағы жаңалықтар секциясындағы фотоны қара). Дуалдың (забор) биіктігі және оның тікенекті сымнан жасалған

конструкциясы акбөкендерді өткізбейді. Акбөкеннің үстірт популяциясына бұл қоршаудың әсерлері қандай болмақ?

Акбөкендердің қоныс аударуы қатаң ауа райына бейімделігі болып табылады, және көптеген зерттеулер мынаны көрсетеді: жануарлардың мінез-құлқы солтүстіктегі таралу ареалында қыстың қатаң кезеңінен құтылу, сондай-ақ жаз айларында солтүстіктегі жақсы жайылымды пайдалану. Қоныс аудару құбылыс есебінде дүние жүзінде жойылып барады, ал акбөкен онша көп емес қоныс аударатын жануарлардың, тұяқты аңдардың бірі болып қала береді; осындай өзінің мінез-құлқын көрсетеді санының сонша азаюына қарамастан. Бұл қоныс аудару акбөкеннің тұрақтылығын көрсететін себептердің бірі және оның қалпына келу потенциалы. Қоныс аударудың кезкелген кедергісі, уақытша немесе ұзақмерзімді, әсер етуі мүмкін.

Басқа елдердегі қоныс аударатын тұяқтыларға қоршаудың әсерін зерттеу тәжірибесіне сүйене отырып, сондай-ақ акбөкендердің қоныс аудару жолын бөгеген траншея салу кезінде 1970 жылдары акбөкендердің құрылуының жоғары деңгейде болғанын көрсететін мәліметтерге сүйеніп, таяудағы келешекте акбөкендер дуалдан секіруге әрекет жасауға ұмтылады және осындай әрекеттен өлім-жітімге ұшырауы мүмкін, немесе стрестың нәтижесінде жарақат алуы мүмкін. Дуал маңында кезкелген акбөкендердің топтануы браконьерлер үшін оңай олжа болады. Мұндай өлім-жітім санын сондай қысқартуға әкеп соғады; онсызда сондай азайған популяцияның саны биылғы жылы одан әрі қысқарады.

Ұзақмерзімді келешекте, қоныс аудару жолын бөгетін кедергі (барьер) үстірт популяциясының қалпына келу потенциалын қысқартады, әсіресе, Өзбекстандағы саны өте аз жеке бөлінген резиденттік популяцияны және бастысы қысқы ресурстарына бара алмаған Қазақстандағы негізгі популяцияның қысқартады. Соңғы жылдары қоныстарын ауыстыратын басқа да акбөкен популяциялары тіршілік етеді; немесе қоныс аударуы онша масштабты емес Үстіүрттегі қоныс ауыстыру сияқты (мысалы, Солтүстік-Батыс Прикаспий популяциясы және моңғол популяциясы), олар тіршілік етіп келеді. Сондықтанда сенім аз, егерде популяция аз мерзімді өлім-жітімге ұшырасса, дуал, жалпы популяцияның жойылуына әкеп




Заборды аман-есен қиып өткен жануар (фотоны К. Олсон берді)

соғады. Оның орнына, азаюы байқалады және қоныс аудару құбылыс ретінде тоқтатылады; бұл популяцияның бұдан 20-жыл бұрынғы деңгейіне жету мүмкіндігін азайтады.

Дүние жүзінде тұяқты аңдардың ірі қоныс аударуы бірауақытта тамаша көрініс және өсімдіктер дүниесі мен топырақ динамикасына әсер ететін, өсімдіктер мен жануарлардың құрамы мен әртүрлілігін анықтайтын экосистеманың құрылымдық негізгі күші болып табылады. Сондықтанда, қоршау салу нәтижесінде Үстіүрттің экосистемасыда өзгеруі мүмкін.

Не істеуге болады? Шекаралық қоршауды орнату табиғатты қорғаумен байланысы жоқ кең саяси шешімнің бөлігі болып табылады. Бірақ бұған тартылған үкіметтік ұйымдары қоршаудың потенциалдық зардабы туралы мәліметтерді керек етеді, және оларды жеңілдету жолдарын іздейді. Мүмкіндігіне қарай акбөкеннің үстірт популяциясының қоныс аударуы табиғаты өтуі үшін. Бұл мәселе жөнінде дүние жүзінің көптеген елдерінде бай тәжірибе бар. Барьердың әсерін жеңілдету үшін әртүрлі шаралар қолданылады: өте қымбат және техникалық жағынан күрделіден жабайы әрі салыстырмалы арзанға дейін. Қоршаудың әсерін жеңілдетудің жабайы және потенциалды тиімді шарасының мысалы төменгі суретте көрсетілген. Дуалдың төменгі сымдық бөлігін жоғары көтеру керек және тікенек сымдарды кәдімгі сымдармен алмастыру қажет, сонымен бірге заборды қозғалып келе жатқан жануарлар жақсы көретіндей етіп жасау қажет, жалау тәрізді немесе маталар көмегімен.

Дуал салынған, ал қысқы миграция бірнеше айдан кейін басталатынын ескеріп, тез арада идеяны жоғарғы үкіметтік деңгейге жеткізіп, талдау керек; тез арада белгілі шешім қабылдау үшін. Өйтпесе біз дүние жүзінде төрт популяцияның бірінің *S.t.tatarica* жойылып кетуіне куәгер боламыз. Мұндай жағдай болмас үшін үстірт популяциясы үшін келешек табиғат қорғау шараларының алғашқы жоспарын ұсынуымыз керек; заңдардың тиімді орындалуы қажет; жергілікті тұрғындарды қатыстырып, ағарту – үгіт жұмыстарын үнемі жүргізіп отыру қажет. Шекараның екі жағында да қорғалатын территорияларды ұйымдастыру керек.



Қоныс аударатын жануарлардың жарақаттарын азайтатын забордың (дуалдың) жай конструкциясы (схемасы К. Олсон ұсынған)

# Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі



2012 ж. ақпан айында белгілі ғалым-зоолог, қазақстан Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, қазақстанда териологиялық зерттеудің негізін салған, зоология институтында териология зертханасын ұйымдастырған әрі оны 1949 жылдан 1977 жылға дейін басқарған Аркадий Александрович Слудскийдің туғанына 100 жыл толды. Зоологиялық қызығушылығы жан-жақты үлкен болғанына қарамастан, А.А.Слудский-дің зерттеуінде басты орынды, 1930-жылдардың екінші жартысынан бастап зерттеген ақбөкен алады. Юрий Грачев – ақбөкен биологиясын жақсы білетін, бұл шығарылымда бұл түрді сақтауда ерекше үлес қосқан А.А.Слудский туралы материалды ұсынды.

Өткен 100 жылда ақбөкен туралы бірқатар экспедицияда жиналған тек бытыраңқы қысқа мәліметтер ғана болатын, негізінен, жеке аудандарда кездескені және мүйіздерімен сауда жасау туралы мағлұматтар болатын. 1940-шы және, әсіресе, 1950-жылдардың басында зерттеу жұмысы қарқынды басталды. Бұл кезде ғасырдың басында критикалық деңгейге дейін саны төмендеген және ұзақ уақыт депрессияда болған ақбөкеннің саны қалпына келді және оны енді шаруашылыққа пайдалану мәселесін көтеру керек болды. Жүргізілген зерттеулердің негізінде, А.А.Слудский Қазақ ССР-ының Министрлер Советіне қысқа мәлімет дайындады және 1954 жылы Қазақстанда лицензия бойынша ақбөкендерді аулауға рұқсат етілді. Келесі 40 жыл ішінде ақбөкенді кәсіптік жолмен аулау мемлекетке едәуір табыс түсірді, ал 1983 жылы А.А.Слудскийге бірқатар ғалымдар мен аңшылық шаруашылығы қызметкерлерімен бірге ақбөкен ресурстарын аулау мен тиімді пайдаланудың биологиялық негіздерін дайындаған үшін Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығы берілді.

1950-жылдардың басында жинақталған материалдар А. А. Слудскийдің «Ақбөкен Қазақстанда» (1955) атты үлкен мақаласында жарияланды. Мұнда ақбөкеннің бұрынғы және қазіргі кездері таралуы, оның Қазақстанның әр облысындағы саны мен тығыздығы баяндалған, қысқы және жаздағы топталатын аудандары мен жерлер көлемі анықталған, ақбөкендік шаруашылықты жүргізудің биологиялық негіздері көрсетілген, кәсіптік аулауды ұйымдастыру мен өткізу жолдары айтылған,

жануарларды қорғау және көбейту шаралары да баяндалған, келешекте жүргізілетін ғылыми зерттеулердің міндеттері анықталған.

«Жыртқыштар – құрбандар» проблемасына «Жыртқыштар мен құрбан болғандардың қарым-қатынастары (антилопалар мен басқа да жануарлар мен олардың жаулары мысалында)» мақаласы арналған (Слудский, 1962). Бұл мақалада басты орынды ақбөкен мен қасқыр арасындағы қарым-қатынас алады. Қасқырлардың аңшылық жасау әдістері толық суреттелген және қашуына көмектесетін құрбандардың мінез-құлқы да баяндалған. Мысалы, төлдеу кезінде жануарлардың топтасуы олардың жыртқыштардан зардап шегуін азайтады. Мақалада сондай-ақ ақбөкендер группалары үшін қасқырлардан қанша зиян болатынын бағалауда көрсетілген. Бірақ, қасқырлардан үлкен зиян келетініне қарамастан, А.А.Слудский мынадай қортындыға келеді: антилопалар жаулары олардың сандарының азайып көбеюіне әсер ететін фактор болып саналмайды. Сонымен бірге, ауру әлсіз



Сурет Зоология институты архивінен

Ақбөкен экспедициясы Бетпақдалада, 1956 ж.

жануарларды қорек етіп, жыртқыштар құрбандар популяциясын сауықтырады және олардың жақсы тіршілік етуінің негізгі және қажетті факторы болып табылады; бұл қортындылардың әділдігі 1970-шы жылдары байқалды; ондаған жылдар ішінде ақбөкендердің өсуі мен сандарының жоғары деңгейде болуы қасқырлар саны да өте жоғары болған жылдарға сәйкес келеді.

Басқа зерделі «Еуразиялық далалар мен шөлдерде жұттар» (Слудский, 1963) атты еңбегінде жағымсыз ауа райының үй малдары мен жабайы жануарларға, оның ішінде ақбөкендерде бар, тигізетін әсерлері қаралады. Қыстағы азық тапшылығы, жануарлардың арықтауы және олардың жаппай қырылуы (жұт) Еуразияның дала мен қоңыржай шөлді зоналарында үкемі болып тұрады. Мақалада жануарлардың қыста мекендейтін аудандарындағы табиғи жағдайларға толық тоқталады; жұттардың қайталау кезеңдері туралы, тұяқты аңдардың он мындап, жүз мындап қырылуды жайында әңгіме болады. Қыстап шығу жағдайына ақбөкеннің морфологиялық және экологиялық бейімделуін сипаттайды – тері жамылғысының диморфизмі, май жинау, қар астынан жемін алып жеу қабілеті (тебіндеу), үлкен топ құруы, басқа тұяқтылармен бірге жайылуы,



Сурет Зоология институтының архивінен

#### Ақбөкендер судан шығуда

қоныс аударуы және басқалар.

Жұттың жануарлар организмне тигізетін әсерлері толық баяндалған. Тым арықтаудың нәтижесінде авитаминоз, асқорыту органдарының аурулары кең тарайды, организмнің жұқпалы және инвазиондық ауруларға қарсылығы кенеттен азаяды, жаныс бездерінің қызметі әлсірейді, эмбриондардың резорбцияға ұшырауы байқалады, жаппай іштастау, лақтарын өлі тууы байқалады. Аңшылық шаруашылықтарында жұттармен күресудің бірқатар шараларын көрсетеді – қарды босату, шөп дойындау және басқалар.

1965 жылы А.А.Слудскийдің ұсынысы бойынша ақбөкеннің тұрақты комплекті экспедициясы ұйымдастырылды; оның міндеттері – жылсайын авиаучет жүргізу, ақбөкеннің қоректенуін, өсіп-өсуін, қоныс аударуын, ауруларын, паразиттерін зерттеу және басқалар болды. Ақбөкендерді тиімді пайдалану жөніндегі рекомендация (ұсыныс) жылсайын үкіметтік органдарға берілді және өндіріске енгізілді. Қазақстанда көпжылдық зерттеулер нәтижесінде (1965-1981 жылдар) ақбөкеннің экологиясы туралы үлкен материал жиналды. Соның негізінде «Ақбөкен Қазақстанда» монографиясы жарық көрді (Фадеев, Слудский, 1982). А.А.Слудский экспедицияларға қатысты және еңбектің соавторы болды, бірақ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жұмыстың аяқталуына қатыса алмады.

А.А.Слудский бастаған соңғы онжылдық зерттеу жұмысы одан әрі жалғасты. Қазақстанда жүргізілген зерттеулердің нәтижелері «Ақбөкен: филогения, систематика, экология, қорғау және пайдалану» коллективтік монографияда» (ред. В.Е.Соколов, Л.В.Жирнов. М., 1998) және «The Ecology and management of Saiga antelope in Kazakstan» (А.В.Бекенов et al., 1998) мақаласында және басқада жұмыстарда баяндалған. А.А.Слудскийдің жұмыстары ақбөкен экологиясын толық түсінуге мүмкіндік береді және олар ақылға сымастай бағалы ұзақмерзіледі мәліметтермен бекітілген; көптеген басқа түрлерде болмайтын деректер.



Сурет Зоология институтының архивінен

А.А. Слудский ақбөкен лағын білезіктеу кезінде, 1967 ж.

**Редакциядан:** Әрбір номер сайын біз ақбөкенді сақтауға үлкен еңбек сіңірген адамға мақала арнаймыз. Бұл адамдар бүкіл дүние жүзіндегі қоғамдардың әртүрлі топтарынан, бірақ оларды дала антилопасына деген сүйіспеншілік біріктіреді. Егерде сіз ақбөкенді сақтау саласындағы өзіңіздің геройыңызді Сайга Ньюстың келесі номерінен көргіңіз келсе, редактормен байланысыңыз, esipov@xnet.uz.



Ақбөкендер суатта

### Алғыстар

Ақбөкенді сақтау Альянсы біздің жұмысымызды соңғы алты ай ішінде қолдаған барлығыңызға шын жүректен алғысымызды білдіреміз, атап айтқанда Джой Ковей және Тэйлора Герста, Кеннон және Боба Хадсонов, Глорию және Кента Маршалов, Николаса Гонзалеса және оның семьясы, Джоан Бриджвуд, Карролл Энн Ходжес, Дебору Чорнеко, Питера Джелинека, Рината Абдрашидова, Джозефа Альфано, Брука Кэпрона және Патрисию Вуд.

Біз өте құрметтейміз Уитли фондысын және Дисней онлайн, Дисней-Канаданы Өзбекстандағы біздің жұмыстарымызды қалдағаны үшін, SMS-ті коммуникациондық қолдағаны үшін және WCN-ты ұйымдық жағына көмектескені және біздің халықаралық және региондық программаларды қолдағаны үшін.

Осы номерді шығаруға көмекшескен WCN, WWF-Моңғолия және WCS-Қытай ұйымдарына үлкен алғысымызды айтамыз.

**Редакция коллегиясы.** Ұлыбритания: проф. Э.Дж.Милнер-Гулланд [редактор-консультант], Лондонның Империял Колледжі ([e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)); Қазақстан: проф. А.Бекенов және Ю.Грачев, Институт зоологии ([teriologi@mail.ru](mailto:teriologi@mail.ru)), О.Климанова, АСБК ([olga.klimanova@acb.kz](mailto:olga.klimanova@acb.kz)); Қытай: Аили Канг ([akang@wcs.org](mailto:akang@wcs.org)) және Фенглиан Ли ([fli@wcs.org](mailto:fli@wcs.org)), WCS Қытай; Моңғолия: Б. Лхагвасурен ([lkhagvasuren@wwf.panda.org](mailto:lkhagvasuren@wwf.panda.org)) және Б. Чимеддорж ([chimeddorj@wwf.panda.org](mailto:chimeddorj@wwf.panda.org)), WWF-Моңғолия; Ресей: А.Лущикина, Экология және Эволюция проблемасы Институты ([saigak@hotmail.com](mailto:saigak@hotmail.com)) және Ю.Арылов, Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы ([kalmsaiga@mail.ru](mailto:kalmsaiga@mail.ru)); Өзбекстан: Е.Быкова [жауапты редактор] және А.Есипов, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің генофонд Институты ([esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)).

Бұл басылым онлайнда [www.saiga-conservation.com](http://www.saiga-conservation.com), <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html> немесе баспа түріндегі экземплярды ағылшын, қазақ, қытай, моңғол, орыс және өзбек тілдерінде редакторлардан сұрау бойынша алуға болады.

Сіздерді алты тілдердің бірінде материалдар жіберулеріңізді сұраймыз. Оларды мына адреске жіберулеріңізді өтінеміз: [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz) немесе редакторлардың біріне. Бюллетень жылына екі рет шығады. Авторлар үшін ағылшын және орыс тілдеріндегі ережені табуға болады: [www.saiga-conservation.com](http://www.saiga-conservation.com) немесе сұрау бойынша редакторлардан алуға болады. Егерде сіздерде қандай-да бір сұрақтар туса, өз еліңіздегі Saiga News – редакторымен хабарласуға болады немесе жауапты редактор - Елена Быковамен хабарласыңыз ([esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)).